

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚАСЫ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Ербол ТІЛЕШОВ

БАС РЕДАКТОР

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Бижомарт ҚАПАЛБЕК

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Смағұл ЕЛУБАЙ

Ауыт МҰҚИБЕК

Қайыржан РАХИМЖАНОВ

ШЫҢҒЫС ЕГЕМБЕРДИЕВ

Серік ЕРҒАЛИ

Әділет АХМЕТ

Бабақұмар ХИНАЯТ (Мажарстан)

Тілек ҚАЙЫРДЫНҰЛЫ (Моңғолия)

Сәуле СОВХОЗҚЫЗЫ (Ресей, Орынбор)

Кадыйша АБДЫБЕКОВА (Қырғызстан)

Роза БАҚБЕРГЕНОВА (Түркия)

Серікбай ҮСЕНОВ (Өзбекстан)

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Аида МҰХАМЕТҚАЛИ

МЕНШІК ИЕСІ:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің

Тіл саясаты комитеті

Альманах Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2007 жылғы 23 шілдеде №
8514-А куәлігі берілген.

МАЗМҰНЫ

«Қазақтың сұлу сазды жүрегі» (Қазақстанның халық әртісі, композитор, дирижер, домбырашы Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл)

Динара Мейрамбекқызы. Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл	4
Dinara Meirambekqyzy Nūrğisa Tilendievtiñ tuğanyna 100 jyl	8
Нұрмұхан Рысбайұлы. Сол әнімен тербетеді даланы	12
«سول انىمەن تەربەتەدى دالانى...»	16
Кеңесжан Шалқар. Күй көркемі (халық қаһарманы, атақты сазгер Нұрғиса Тілендиевке арнаймын)	20
Keñesjan Şalqar. Kүй көркемі (halyq qaharmany, ataqty sazger Nūrğisa Tilendievke arnaimyn)	26
Парижде Нұрғиса Тілендиевке арналған халықаралық көрме ашылды	32

ТІЛ – РУХАНИЯТ ӨЗЕГІ

Гүлжан Түлекова. Зейнолла Сәніктің очерктеріндегі тілдік ерекшеліктері	35
Güljan Tulekova Zeinolla Säniktñ очерктеріндегі тілдік ерекшеліктері	41
Ляйля Нұрғожина. Қазақ тілін бастауыш сыныптарда оқытудың ерекшеліктері	46
Динара Тоғайбекова. Тіл – баға жетпес байлық	49
توگايىبەكوۋا دىنارا بولاتوۋنا تىل – باعا جەتپەس بايلىق	51
Шырынхан Дүйсенбекқызы. Кәсіби қазақ тілі сабағында студенттердің шығармашылық әрекетін қалыптастыру технологиясы	54
Şyrynhan Düisenbekqyzy. Käsibi qazaq tılı sabağynda studentterdiñ шығармашылық әрекетін қалыптастыру технологиясы	62

МӘДЕНИ МҰРА

Сая Итегулова. Анимациялық фильмдердің ұлттық құндылық қалыптастырудағы рөлі	69
Saia İtegulova. Animasiyalıq filmderdiñ űltyq qūndylyq qalyptastyrudağy rölі	72
يىتەگۈلوۋا ساييا انيماتسىيالىق فىلىمدەردەكە ۋىلتىق قۇندىلىق قالىپتاستۇرداغى رولى	75
Ақмешіт астана болғанда	78
Aqmeşit astana bolğanda	81
Шеген би	84
Жасанды интеллект: жаңа стратегия, инфрақұрылым, адам капиталы	87
Jasandy intelekt: jaña strategia, infraqūrylym, adam kapitaly	90
Жасанды интеллект қалай жұмыс істейді	93
Jasandy intelekt qalai jūmys isteidi	99

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

Түркияда Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы тойланды	105
Корея Республикасында Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қазақтарының II кіші Құрылтайы өтті	106
Koreia Respublikasynda Oñtüstik-Şyğys Azia elderi qazaqtarynyñ II kışy Qūryltaiy ötti	112
Өзбекстанда қазақтың салт-дәстүрі мен мәдени құндылықтары насихатталған халықаралық этнотуризм фестивалі өтті	118
Özbekstanda qazaqtyñ salt-dästäri men mädeni qūndylyqtary nasihattalğan halyqaralyq etnoturizm festivalı ötti.....	120
حالىقارالىق ەتنوتۈريزم فەستىۋالى ۋەتتى ۈزبەكىستاندا قازاقنىڭ سالت-دەستۈرى مەن مادەنى قۇندىلىقتارى ناسىحاتتالغان	122
«Отандастар қоры» өкілдері Ташкентте Түркі мемлекеттері ұйымының III диаспора жастары форумына қатысты.....	123
Қазақ-өзбек әдеби байланысы: «Отандастар қоры» КЕАҚ пен Өзбекстан жазушылар одағы кездесті.....	125

АЛҒЫСӨЗ

Қадірлі оқырман! Сіздерге «Туған тіл» альманағының кезекті санын ұсынамыз. Бұл сан – ұлттық рухтың, мәдениет пен дәстүрдің, тіліміздің, өнеріміздің, шетелдегі қандастарымыздың тыныс-тіршілігі мен шығармашылығы жөнінде мол ақпарат беретін мазмұны бай журнал.

Әдеттегідей, альманағымыздың бұл саны да бірқатар айдарлар аясына топтастырылып, әр кезеңге өзекті дүниелермен толықты. Солардың ішінде ерекше атап өтеріміз – «Қазақтың сұлу сазды жүрегі» атты арнайы бөлім. Бұл бөлім Алаштың ардақты ұлы, Халық Қаһарманы, Қазақстанның халық әртісі, дара композитор Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 110 жыл толуына арналды. Нұрғиса Тілендиев – халқымыздың рухани әлемін байытқан, жүректерді тербеп, ұрпақ санасына ұлттық әуеннің дәнін еккен асыл тұлға. Оның асқақ саздары, өміршен әуендері – халқымыздың тарихы мен тағдырын күй тілінде сөйлеткен ұлы аманат. Ұлы композитордың қалдырған мұрасы – ұлттың рухани байлығы, болашаққа бағдар болар мәңгілік қазына.

Тіл мен білім, әдістеме мен әдеби мұра төңірегінде ғылыми-публицистикалық еңбектер «Тіл – руханият өзегі» айдарында топтастырылды. Тіл салт-дәстүрдің де, білімнің де, тарих пен мәдениеттің де сақталатын орны, жеткізілетін құралы тілдің оқытылуы, қолданылуы, өзінің нысан ретінде зерттелуі үнемі тілші ғалымдардың, әдіскерлердің назарында болады.

«Мәдени мұра» айдарында отандық тарих пен мәдениетті дәріптейтін танымдық материалдар берілді. Шеттегі оқырмандарды тәлім алар тарихымызбен, озық мәдениетімізбен таныстырып отыру үшін бұл айдар журналдың барлық санынан түспей келеді.

«Шетел қазақтарының тынысы» айдарында әлемнің әр түкпіріндегі қандастарымыздың мәдени белсенділігі, ұлттық рухты сақтау жолындағы істері мен бастамалары кеңінен қамтылды. Кореяда өткен қазақ диаспорасының II Құрылтайы, Өзбекстанда ұйымдастырылған халықаралық этнотуризм фестивалі мен «Отандастар қорының» Ташкентте өткізген кездесулері жайлы деректер ұсынылады. Сонымен қатар қазақ-өзбек әдеби байланыстары туралы мазмұнды материалдармен де таныса аласыз.

Ұлттық рухты, тіліміз бен өнерімізді дәріптейтін «Туған тіл» альманағының бұл саны сіздің де жүрегіңізден орын табады деген үміттеміз. Ұлттың сазына, сөзіне, жанына айналған тақырыптарды бірге оқып, бірге толғанайық.

Альманах Қазақстан оқырмандарына емес, негізінен шетелдегі қазақ диаспораларына арналып, таратылатындықтан бірқатар мақалалар латын әліпбиімен және төте жазумен берілген.

Редакция алқасы

НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВТІҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ



Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев – қазақ музыка өнерінің көрнекті өкілі, аса дарынды композитор, дирижер әрі шебер домбырашы. Ол 1925 жылы 1 сәуірде Алматы облысының Іле ауданына қарасты Шилікемер атты шағын ауылда дүниеге келген. Өнердегі өлшеусіз еңбегі мен ұлттық мәдениетке қосқан зор үлесі үшін Нұрғиса Тілендиевке 1975 жылы Қазақ КСР халық артисі, 1984 жылы КСРО халық артисі атақтары берілді.



Нұрғиса Тілендиевтің өмір жолында Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары ерекше орын алады – ол бұл зұлмат соғысқа қатысып, қан кешкен майдангер ретінде де тарихта қалды. Соғыстан кейінгі кезеңде кәсіби музыкалық білімін шыңдауға кіріскен ол 1948-1950 жылдары қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында оқыды. Кейін, 1950-1952 жылдары Мәскеу консерваториясында атақты профессор Н.П. Аносовтың класы бойынша білімін жалғастырды. Осыдан соң, 1953 жылдан бастап 1961 жылға дейін Қазақ академиялық опера және балет театрында дирижер ретінде қызмет атқарды. Ал 1961-1964 жылдары Қазақ академиялық халық аспаптары оркестрінің бас дирижері міндетін атқарды.

1980 жылы Нұрғиса Тілендиев ұлттық музыкалық өнердің терең тамырын жаңғырту мақсатында Қазақ мемлекеттік филармониясының жанынан «Отырар сазы» атты академиялық фольклорлық-этнографиялық халық музыкалық аспаптар оркестрінің негізін қалады. Алғашқыда шағын ансамбль түрінде жұмысын бастаған бұл ұжым 1982 жылдан бастап ресми түрде оркестр дәрежесіне көтерілді. Оркестрдің репертуары мен аспаптық құрамы ежелгі қазақ музыкасының бай мұрасын жаңғыртып, ұлттық нақышты сақтауға бағытталды. Қос ішекті және үш ішекті домбыралар, қобыз, сыбызғы, саз сырнай, жетіген, шаң қобыз, асатаяқ секілді көне аспаптар оркестрде кеңінен пайдаланылды. Кейінірек бұл құрам жаңаша бағытта кеңейтіліп, кең шанақты домбыра, шіңкілдек домбыра, нар қобыз, жез қобыз, мес қобыз, сазген, аса шертер, адырна, даңғыра сынды өзге де аспаптармен толықты.



Оркестрдің музыкалық қоржыны да аса бай. Онда халық күйлері «Кеңес», «Салкүрен», «Сарыөзен», сондай-ақ халық композиторларының шығармалары – Тәттімбеттің «Қос басар», «Сарыжайлау», «Сылқылдақ», Сүгірдің «Кер толғау», «Бес жорға», Ықыластың «Ерден күйі», «Қамбар батыр» сияқты туындылары бар. Сонымен қатар қазіргі қазақ композиторларының да еңбектері назардан тыс қалмады: М.Төлебаевтың «Еске алу», Н.Тілендиевтің өзі жазған «Ата толғауы», «Аңсау», «Көш керуен», К.Күмісбековтің «Фараби сазы», «Қорқыт күйі» атты шығармалары орындалады.

Оркестр 1984 жылы Алматы қаласында өткен Бүкілодақтық фестивальға қатысып, ұлттық өнерді кең көлемде насихаттады. 1985 жылы Мәскеуде П.И.Чайковский атындағы Үлкен концерт залында өткен шығармашылық концертте өнер көрсетіп, өзінің жоғары кәсіби шеберлігін дәлелдеді. Сол жылы ұжым Бүкілодақтық Комсомол сыйлығының лауреаты атанып, үлкен жетістікке жетті.

Нұрғиса Тілендиев 1964-68 жылдары Абай атындағы опера және балет театрының директоры, ал 1968 жылдан 1981 жылға дейін «Қазақфильм» киностудиясының музыкалық редакциясында бас редактор қызметін атқарды. 1981 жылдан өмірінің соңына дейін өзі құрған «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің көркемдік жетекшісі ретінде еңбек етті. Оның шығармашылығы еркін төгілген әуен, көркем ырғақ, нәзік лиризм мен биік азаматтық пафосқа толы. Бұл қасиеттер композитордың туындыларына ерекше шынайылық пен тереңдік сыйлады.



Әйелі Тілендікеліні Дариға (1946-2025), киноактриса, ҚР Еңбегі сіңген әртісі (1998), «Уақыт пен тұлға – Нұрғиса Тілендиев» (2003) кітабының қосалқы авторы, Н.Тілендиев атындағы Халықаралық қоғамдық қорының президенті болған. Үлкен қызы Тілендиева Сәуле Нұрғисақызы, 4.04.1960 ж. дүниеге келген, Саимова Натэлла Сальтаевнамен (15.03.1925 ж.) бірінші некесінен туылған, кіші қызы Дінзухра (Динара) Тілендиева (1985 ж.) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында «симфониялық оркестр дирижёрі» факультетін тәмамдаған (2003-2008 ж.ж., Т.Әбдірашев сыныбы). 2009 ж. бері «Отырар сазы» Мемлекеттік академиялық фольклорлы-этнографиялық оркестрінің бас дирижері әрі көркемдік жетекшісі.

1978 жылы Нұрғиса Тілендиев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болды. 1995 жылы композитор Алматы консерваториясының құрметті профессоры атанды. Есімі ел жадында мәңгілік қалуы үшін 1999 жылы Алматы қаласындағы бұрынғы Софья Ковалевская көшесіне оның есімі берілді. 2000 жылы өзі құрған «Отырар сазы» ансамбліне Тілендиевтің аты берілді. Сондай-ақ ол тұрған Алматы қаласындағы Қонаев көшесі, 96-үйге ескерткіш тақта орнатылды.



Нұрғиса Тілендиев Отан орденімен, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен және түрлі медальдармен марапатталған. Ал 1998 жылы ол Қазақстанның ең жоғары марапаттарының бірі – «Халық Қаһарманы» атағына ие болған еді.

Ұлттың ұлы тұлғасы, өнердің шамшырағы болған бұл азамат 1998 жылы дүние салды. Ол Жамбыл кесенесінің іргесіне жерленді.

*Материалды дайындаған
Динара Мейрамбекқызы
филология ғылымдарының магистрі*



NŪRĠISA TİLENDİEVTIŇ TUĖANYNA 100 JYL



Nŭrġisa Atabaiŭly Tileniev – qazaq muzyka ōneriniŇ kŏrnektı ōkılı, asa daryndy kompozitor, dirijer äri ŗeber dombyraŷy. Ol 1925 jyly 1 säurde Almaty oblysynyŇ Ile audanyna qarasty Ŗilikemer atty ŗaġyn auylda dŭniege kelgen. Őnerdeġi ōlŗeusız eŇbegi men ŭlttyq mädenietke qosqan zor ülesı ŭŷın Nŭrġisa Tilenievke 1975 jyly Qazaq KSR halyq artisti, 1984 jyly KSRO halyq artisti ataqtary berildi.

N.TilenievtiŇ ōmır jolynda Ekinŷı dŭniejŭzılık soġys jyldary erekŗe oryn alady – ol bŭl zŭlmat soġysqa qatysyp, qan keŗken maidanger retinde de tarihta qaldy. Soġystan keingi kezeŇde käsibi muzykalyq bilimin ŗyŇdaŭġa kırısken ol 1948-1950 jyldary qazırgı Qŭrmanġazy atyndaġy Qazaq ŭlttyq konservatoriasynda oqydy. Keiin, 1950-1952 jyldary Mäskeu konservatoriasynda ataqty profesor N.P. AnosovtyŇ klasy boıynŗa bilimin jalġastyrdy. Osydan soŇ, 1953 jyldan bastap 1961 jylġa deiin Qazaq akademialyq opera jäne balet teatrynda dirijer retinde qyzmet atqardy. Al 1961-1964 jyldary Qazaq akademialyq halyq aspaptary orkestriniŇ bas dirijeri mindetin atqardy.





1980 jyly Nūrgisa Tılendiev ūlttyq muzykalyq ōnerdīñ tereñ tamyrın jañğyrtu maqsatynda Qazaq memlekettik filarmoniasynyñ janyan «Otyrar sazy» atty akademialyq fōlklorlyq-etnografialyq halyq muzykalyq aspaptar orkestrinīñ negızın qalady. Alğashqyda shağyn ansāmbli tūrında jūmysyn bastağan bұл ūjym 1982 jyldan bastap resmi tūrde orkestr dārejesine kōterildi. Orkestrdīñ repertuary men aspptyq qūramy ejelgi qazaq muzykasynyñ bai mūrasyn jañğyrtyp, ūlttyq naqyşty saқтаuға bağyttaldy. Qos işektı jāne ūş işektı dombyralar, qobyz, sybyzğy, saz syrnai, jetigen, şañ qobyz, asataiaq sekildi kōne aspaptar orkestrde keñinen paidalanyldy. Keinirek bұл qūram jañaşa bağytta keñeıtılıp, keñ şanaqty dombyra, şıñkıldek dombyra, nar qobyz, jez qobyz, mes qobyz, sazgen, asa şerter, adyrna, dañğyra syndy ōzge de aspaptarmen tolyqty.

Orkestrdīñ muzykalyq qorjyny da asa bai. Onda halyq kŭileri «Keñes», «Salkŭreñ», «Saryōzen», sondai-aq halyq kompozitorlarynyñ şyğarmalary – Tātımbettiñ «Qos basar», «Saryjailau», «Sylqyldaq», Sŭğırdıñ «Ker tolğau», «Bes jorğa», Yqylastyñ «Erden kŭii», «Qambar batyr» siaqty tuyndylary bar. Sonymen qatar qazırgı qazaq kompozitorlarynyñ da eñbekteri nazardan tys qalmady: M.Tōlebaevtyñ «Eske alu», N.Tılendievtyñ ōzı jazğan «Ata tolğauy», «Añsau», «Kōş keruen», K.Kŭmısbekovtyñ «Farabi sazy», «Qorqyt kŭii» atty şyğarmalary oryndalady.

Orkestr 1984 jyly Almaty qalasynda ōtken Bŭkılodaqtyq festivālğa qatysyp, ūlttyq ōnerdi keñ kōlemde nasihattady. 1985 jyly Māskeude P.İ.Chaikovski atyndağy Ūlken konsert zalynda ōtken şyğarmaşylyq konsertte ōner kōrsetip, ōzınīñ joğary kāsıbi şeberligin dāleldeı. Sol jyly ūjym Bŭkılodaqtyq Komsomol syilyğynyñ laureaty atanyp, ūlken jetistikke jetti.

Nūrgisa Tılendiev 1964-68 jyldary Abai atyndağy opera jāne balet teatrynyñ direktory, al 1968 jyldan 1981 jylğa deın «Qazaqfilm» kinostudiasynyñ muzykalyq redaksiasynda bas redaktor qyzmetin atqardy. 1981 jyldan ōmirinīñ soñyna deın ōzı qŭrğan «Otyrar sazy» fōlklorlyq-etnografialyq ansamblinīñ kōrkemdik jetekşısı retinde eñbek etti. Onyñ şyğarmaşylyğy erkin tōgilgen āuen, kōrkem yrğaq, nāzık lirizm men biik azamattyq pafosqa toly. Bұл qasietter kompozitordyñ tuyndylaryna erekşe şynaiylyq pen tereñdik syilady.



Äielı Tılendıkelını Dariğa (1946-2025), kinoaktrisa, QR Eñbegı sıñgen ärtısı (1998), «Uaqyt pen tülğa – Nūrğisa Tılendiev» (2003) kıtabyıñ qosalqy avtory, N. Tılendiev atyndağy Halyqaralyq qoğamdyq qorynyñ prezıdenty bolğan. Ülken qyzy Tılendieva Säule Nūrğisaqyzy, 4.04.1960 j. dünüege kelgen, Saimova Natella Sältaevnamen (15.03.1925 j.) bırıñşı nekesinen tuylğan. Kısı qyzy Dınzuhra (Dinara) Tılendieva (1985 j.), Qūrmanğazy atyndağy Qazaq ũlttyq konservatoriasynda «simfonialyq orkestr dirijörü» fakŭltetın tāmamdağan (2003-2008 j.j., T. Äbdıraşev synyby). 2009 j. berı «Otyrar sazy» Memlekettık akademialyq fölklorly-etnografialyq orkestrınıñ bas dirijeri äri körkemdik jetekşısı.

1978 jyly N.Tılendiev Qazaqstan Respublikasynyñ Memlekettık syilyğyna ie boldy. 1995 jyly kompozitor Almaty konservatoriasynyñ qŭrmetti profesory atandy. Esımı el jadynda mǎñgılık qaluy ũshın 1999 jyly Almaty qalasyndağy bŭryngy Söfä Kovalevskaaia köşesine onyñ esımı berıldı. 2000 jyly özi qŭrğan «Otyrar sazy» ansamblıne Tılendievtiñ aty berıldı. Sondai-aq ol tŭrğan Almaty qalasyndağy Qonaev köşesi, 96-ŭige eskertkiş taqta ornatyldy.



Nūrğisa Tılendiev Otan ordenimen, ekı mārte Eñbek Qyzyl Tu ordenimen jāne tūrly medāldarmen marapattalğan. Al 1998 jyly ol Qazaqstannyñ eñ joğary marapattarynyñ bırı – «Halyq Qaharmany» atağyna ie bolğan edı.

Ūlttyñ ūly tūlğasy, önerdiñ şamşyrağy bolğan bұл azamat 1998 jyly dūnie saldy. Ol Jambyl kesenesiniñ irgesine jerlendi.

*Materialdy daiyndağan
Dinara Meirambekqyzy
filologua ğylymdarynyñ magistri*



«СОЛ ӘНІМЕН ТЕРБЕТЕДІ ДАЛАНЫ...»

Нұрғиса Тілендиевтің туғанына – 100 жыл

Нұрғиса Тілендиев – 500-ден астам музыкалық шығармалардың авторы. Осынау мол мұраның қатарында ән, күй, романс, увертюра, поэма, контата, опера мен балет бар. 1968–1981 жылдары Нұрғиса Тілендиев «Қазақфильм» киностудиясында музыкалық редакцияның бас редакторы болды. Қазақ мультфильмдерінің атасы Әмен Қайдардың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан» сияқты ертегі-аңыз желісімен жасалған жұмыстарына ән жазды. Сондай-ақ ол «Менің атым Қожа», «Қилы кезең», «Қыз Жібек» сияқты қазақ фильмдерін де әуенмен әрледі. Бүгінде еліміздің өңірлерінде КСРО Халық әртісі, «Халық Қаһарманы», композитор, дирижер, дәулескер домбырашы Нұрғиса Тілендиевтің атындағы музыка мектептері,

музей, Орталық, көше бар. Алматының орталығында Тілендиевтің тұлғалы ескерткіші орналасқан.

1 сәуір халқымыздың мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан Нұрғиса Тілендиевтің туған күні. Ол – қазақ музыкасының алтын қоржынына мол мұра қалдырған ұлы композитор. Өзінің қайталанбас ұлы шығармаларымен, асқан дарынымен, таңқаларлық талантымен ел жүрегінде мәңгіге сақталып қалған халқының сүйікті перзенті. Ұлт мақтанышына айналған тұлғаның ғасырлық тойы қарсаңында біз Алматыдағы Нұрғиса Тілендиев мемориалды музейінің ғылыми қызметкері Нұрмұха Шаймерденовті сөзге тартқан едік.



– Нұрмұха Рысбайұлы, әңгімемізді өзіңіз қызмет етіп келе жатқан Нұрғиса Тілендиев мемориалды музей үйінен бастасақ. Мемориалдық кешен қашан құрылып еді? Мұнда тұлғаны еске түсіретін қанша жәдігер қойылған?

– Нұрғиса Тілендиевтің мемориалды музей-үйі 2014 жылы 16 мамырда Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен құрылған еді. Бұл дара дарынға көрсетілген зор құрмет әрі өте заңды бастама дер едім. Өйткені, бұл үйде саңлақ сазгердің

талай өлмес мұралары дүниеге келді. Қабырғасында үні, еденінде ізі қалды. Дәл осы үйде Нұрғиса Атабайұлы 1979 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін, яғни 1998 жылға дейін тұрды. Ал мұнда дарын иесіне қатысты 3224 экспонат қойылған.

– *Ғасырлық той қарсаңында қандай жоспарларыңыз бар?*

– Ұлы композитордың туғанына 100 жыл толған мерейтойына орай, өнер иесінің ұрпаққа үлгі болатын өнегесін, қайталанбас шығармашылығын кеңінен дәріптеуді мақсат етіп отырмыз. Осы бойынша бірқатар маңызды жұмыстар қолға алынып, оң қадамдар жасалды. Айталық, алғаш рет мемориалдық-тұлғалық материалдар кешенін жетілдіру мақсатында музей-үйін жаңарту жұмыстары қолға алынды. Нұрғиса Атабайұлының композиторлық қырына үңіліп, бүгінгі ұрпақтарының шығармашылық мұрасына қызығушылығын арттыру, оқып білуге, тани түсуге ынталандыру, олардың санасында қазақстандық патриотизм сезімдерін қалыптастыру үшін зиялы қауым өкілдерімен, жоғары оқу орындары, мектеп, балабақша т.б. қалың қауыммен тығыз қарым-қатынас орнаттық. Соның нәтижесінде бүгінгі күні музейге келушілер саны артып, түрлі тақырыпта іс-шаралар өткізіле бастады. Тағы да бір жаңалығымыз – мемориалдық музейдің көшпелі көрмесі ұйымдастырылады. Осында атқарылған іс-шаралар бұқаралық ақпарат құралдарында, түрлі телеарналар арқылы көрсетіліп, баспасөз беттерінде кеңінен насихатталды. Мемориалдық-тұлғалық материалдар кешенін жетілдіру арқылы Нұрғиса Тілендиев және қазақ ұлттық дәстүрлі музыкасы, «Отырар сазы» этнографиялық оркестрінің ерекшелігі, оркестрде қолданатын қос ішекті, үш ішекті домбыралар, қобыз, сыбызғы, саз-сырнай, жетіген, шаң қобыз, асатаяқ, кең

шанақты және шіңкілдек домбыралар, нар қобыз, жез қобыз, мес қобыз, сазген, аса шертер, адырна, даңғыра және тағы басқа аспаптар туралы мәліметтер кеңінен қамтылды. Әлі де толықтырылады. Менің бір байқағаным, мұражайға келушілерді ең алдымен ол кісінің өмірі, балалық шағы қатты қызықтырады.

– *Оқырмандарымызға сол мәліметтермен бөлісесіз бе?*

– Білесіздер, заңғар дарын иесі 1925 жылы 1 сәуір күні Алматы облысы, Іле ауданындағы Шилікемер ауылында дүниеге келген ғой. Қазір бұл елдімекен «Нұрғиса Тілендиев» ауылы деп аталады. Ол кісінің әкесі Атабай домбырашы, халық әндерінің білгірі болған. Шешесі Салиқа да өлең айтып, сырнайда ойнаған өнерпаз жан. Екеуі де қағылез ұлының ерекше қабілеттерін ерте танып, жасынан баулыған ғой. Мысалы, әкесі Нұрғисаға бес жасында домбыра тартуды үйретіп, анасы болса оның ноталық сауатын ашқан. Бала күнінде мынадай қызық оқиға болған. Бір күні ұлы композитор Ахмет Жұбанов Нұрғиса тұратын үйдің жанынан өтіп бара жатып, домбыраның үнін естіп қалады. Қағыс пен тартыстан-ақ шеберлігін біліп, кім екенін білмек боп барса, әлгі «күйші» алты жасар бала екен. Содан анасына жолығып, «ұлыңыз тағы бір рет домбыра тартып берсе» деп сұрайды. Бұған шешесі Салиқа келіседі. Бірақ тіл-көз тимесін деп баласы мен Жұбановтың ортасына шымылдық іліп қояды. Ахмет Қуанұлы баланың ойнағанын ұйып тыңдап, оған музыка училищесіне баруға кеңес береді. Училищеде баламен басқа композитор Латиф Хамиди айналысып, оны би классына жазып қояды. Іссапардан келген Жұбанов талантты домбырашы балет сабақтарына барып жүргенін көріп, дереу музыка класына ауыстырады. Сөйтіп, атақты композитор Ахмет Жұбанов

болашақ сазгердің ұлы тұлға болып қалыптасуына жол ашқан екен. Әрі оның ұстазы болды.

– «Нұр аға «Отырар сазы» оркестрін сәбиіндей аялайтын еді» дейді көзкөргендер...



– Ол рас. Бұл оркестр өнер иесіне ерекше шабыт берді. Оркестрмен жұмыс барысында ол кісі ерекше арқаланып кететін еді дейді. Оған өзіміз де куә болдық. 1980 жылы Нұрғиса Тілендиев Қазақ филармониясы жанынан «Отырар сазы» оркестрін ұйымдастырады. Басында шығармашылық ұжым шағын ансамбль ретінде өнер көрсетті. Ал екі жылдан кейін оркестр болып құрылды. Оркестр қос ішекті, үш ішекті домбыралар, қобыз, сыбызғы, сазсырнай, жетіген, шаң қобыз, асатаяқ секілді ертеден белгілі музыкалық аспаптарды қолданды. Артынан оған кең шанақты және шіңкілдек домбыралар, нар қобыз, жез қобыз, мес қобыз, сазген, аса шертер, адырна, даңғыра және тағы басқа аспаптар қосылды. 1984 жылы оркестр Алматы қаласында өткен Бүкілодақтық фестивальға қатысты. Мәскеудің П.И.Чайковский атындағы үлкен концерт залында өнер көрсетіп, 1985 жылы Бүкілодақтық комсомол сыйлығының лауреаты атанды. Иә, ерекше дарын иесі Нұрғиса Тілендиевтің арамыздан кеткеніне

де біраз уақыт өткен екен. Осынау уақыт ішінде Нұрағанның көзіндей болған «Отырар сазы» өз биігінен бір саты да төмендеген емес. Қайта оның өнері хас таланттың мінезіндей тасып, биіктеп барады. Ізін басқан ұрпағы Дінзұхрасы барда Нұрғиса Тілендиевтің отының өшпесі, өнерінің өлмесі анық.

– Жақында Түркияның Анкара қаласында Нұрғиса Тілендиевтің жылы жарияланды. Түркия халқы оны қалай қабылдады?

– О-о-о, бұл бір керемет өнер мерекесі болды. 2023 жылы Түркі мәдениеті және өнерін дамыту халықаралық ұйымының Бас хатшылығы «2025 жыл – Нұрғиса Тілендиев жылы» деп жариялағаны белгілі. Түркі мәдениеті және өнерін дамыту халықаралық ұйымының Бас хатшылығы мен Қазақстанның Түркиядағы Елшілігінің қазақ халқының аса көрнекті композиторы, КСРО халық әртісі, Халық Қаһарманы қазақ музыкасының сайыпқыраны, әйгілі күйші, дирижер, домбырашы Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100

жыл толуына байланысты үлкен іс-шара ұйымдастырды. Бауырлас түрік мемлекеті Нұрғиса шығармашылығына ерекше құрмет көрсетті. Өнер иесінің шығармалары түрік жерінде де орындалды. Тілендиев атындағы мұражай ұжымы

осынау атқарылып жатқан жұмыстарға зор ризашылығымызды білдіреміз. Өйткені, Ұлы тұлғаның қайталанбас шығармашылығы баршамызға ортақ, біз оны көздің қарашығындай сақтауға тиіспіз.

Әңгімелескен Рая Ескендір



«Сол аньмен тербетеді баланы...»

Нұрғиса тілендиевтің туғанына - 100 жыл

Нұрғиса тілендиев - 500-ден астам мұзикалық ʼтол тўиндиниң ʼотуры. وسناۋ مول مۇرانىڭ قاتارىندا ʼان، كۆي، رومانس، ۋەرتيۋرا، پوۋما، كونتاتا، وپەرا مەن بالەت بار. 1968-1981 جىلدارى نۇرغيسا تىلەندىيەۋ «قازاقفيلم» كينوستۇدياسىندا مۇزىكالىق رەداكتسياسىنىڭ باس رەداكتورى بولدى. قازاق مۇلتىفيلمىدەرىنىڭ اتاسى امەن قايداردىڭ «قارلىعاشتىڭ قۇيرىعى نەگە ايسر؟»، «اقساق قۇلان» سياقتى ەرتەگى-اڭىز جەلىسمەن جاسالغان جۇمىستارىنا ʼان جازدى. سونداي-اق، ول «مەنىڭ اتمى قوجا»، «قىلى كەزەڭ»، «قىز جىبەك» سياقتى قازاق فىلىمدەرىن دە ʼاۋەنمەن ارلەدى. بۇگىندە ەلىمىزدىڭ وڭىرلەرىندە ك س ر و خالىق ʼارتىسى، «خالىق قاھارمانى»، كومپوزيتور، ديريجەر، داۋلەسكەر دومبىراشى نۇرغيسا تىلەندىيەۋتىڭ اتىنداعى مۇزىكا مەكتەپتەرى، مۇزەي، ورتالىق، كوشە بار. الماتىنىڭ ورتالىعىندا تىلەندىيەۋتىڭ تۇلعالى ەسكەرتكىشى ورنالاسقان.

1 - ʼساۋىر - نۇرغيسا تىلەندىيەۋتىڭ تۇعان كۈنى. ʼارى خالىقىمىزدىڭ مادەنيەتىنە ولشەۋسىز ۇلەس قوسقان تۇلعانىڭ دۇنيەگە كەلگەنىنە تۇر - 100 جىل تولدى. ول - قازاق مۇزىكاسىنىڭ التىن قورجىنىنا مول مۇرا قالدىرعان ۇلى كومپوزيتور. ۇزىنىڭ قايتالانىس ۇلى شىعارمالارىمەن، اسقان دارىنىمەن، تاڭقالارلىق تالانتىمەن ەل جۇرەگىندە ماڭگىگە ساقتالىپ قالغان خالىقىنىڭ سۇيىكتى پەرزەنتى. ۇلت ماقتانىشىنا اينالغان تۇلعانىڭ عاسىرلىق تويى قارساڭىندا ʼبىز الماتىداعى نۇرغيسا تىلەندىيەۋ مەمورىيالىدى مۇزەينىڭ عىلمىي قىزمەتكەرى نۇرمۇحا شايىمەردەنوۋتى سوزگە تارتقان ەدىك.

- نۇرمۇحا رىسباي ۇلى، اڭگىمەمىزدى ۇزىڭىز قىزمەت ەتىپ كەلە جاتقان نۇرغيسا تىلەندىيەۋ مەمورىيالىدى مۇزەي ۇيىنەن باستاساق. مەمورىيالىدىق كەشەن قاشان قۇرىلىپ ەدى؟ مۇندا تۇلعانى ەسكە تۇسىرەتىن قانشا جادىگەر قويىلعان؟

- نۇرغيسا تىلەندىيەۋتىڭ مەمورىيالىدى مۇزەي - ۇيى 2014 - جىلى 16 - مامىردا الماتى قالاسى اكىمدىگىنىڭ قولداۋىمەن قۇرىلعان ەدى. بۇل دارا دارىنعا كورسەتىلگەن زور قۇرمەت ʼارى وتە زاڭدى باستاما دەر ەدىم. ويتكەنى، بۇل ۇيدە ساڭلاق سازگەردىڭ تالاي ولمەس مۇرالارى دۇنيەگە كەلدى. قابىرعاسىندا ۇنى، ەدەنىندە ۇزى قالدى. ʼدال وسى ۇيدە نۇرغيسا اتاباي ۇلى 1979 - جىلدىن باستاپ،

«Мириниң соғна деһин, яғни 1998-жылға деһин тўрды. Ал мўнда дари́н
йеһинне қатнесты 3224 ەкспонат қойылған.

- ғасырлық туй қарсағида қандай жоспарларғыз бар?

- Ұлы кумпозиторниң тўғанна 100 жыл толған мەرһитийна ырай, ынер
йеһинниң ұрыақа Ұлғы болатин ынегеһин, қайталанбас шеармашилеин кегһинен
дарийтеўды мақсат ەтп ытермиз. ысы бойынша ыбрықатар мағызды жұмыстар қолға
алнып, ық қадамдар жасалып ытер. айталық, алаш рет мөрһиалдық-тўалалық
матерһиалдар кешенин жетилдерў мақсатинда мўзһи-ўйын жағаратў жұмыстары қолға
алнды. нўрейса аталай Ұлынниң кумпозиторлық қырына Ұғылып, бўгынғы
ұрыақтариниң шеармашилық мўрасына қырығушылеин арттырў, ықып билўге,
таны тўсўге ннталандырў, ылардык санасында қарастандық патриотизм сөзидерин
қалыптастырў Ұшын зыалы қаўым ыкилдермән, жоғары ықў ырындары, мектеп,
балалақша, т.б. қалық қаўыммен тегиз қарымқатнасы жасап жатырмыз. соннык
натийжесинде бўгынғы кўны мўзһиге келўшылер саны артып, ытўрлы тақырыпта
ыс-шаралар ыткызыле бастады. тағы да ыбры жағалымыз - мөрһиалдық мўзһидиң
кўшыелі кўрмөсы Ұйымдастырылады. ысинда атқарылған ыс-шаралар бұқаралық
ақырат қўралдарында, ытўрлы телеканалдар арқылы кўрсетилип, басыа ысўз бөттеринде
кегһинен насихатталып жатыр. мөрһиалдық-тўалалық матерһиалдар кешенин
жетилдерў арқылы нўрейса тилеңдиһў жане қазак Ұлттық ыдастўрлы мўзыкасы,
«ыттырар сазы» ەтнўграфһиалық ыркөстериниң ыркөшөлиги, ыркөстерде қолданытын
қос шыекти, Ұш шыекти домбыралар, қобыз, сибизы, саз-сырнай, жетмген,
шалқ қобыз, асатаяқ, кек шаңақты жане шыккилдек домбыралар, нар қобыз, жез
қобыз, мөс қобыз, сазгән, аса шөртө, адына, дағжыра жане тағы басқа аспаптар
тўралы малмөттер кегһинен қамтылды. ылы де толқытырып жатырмыз. мөнниң ыбры
бақығаным, мўражыа келўшылерды ық адымен ыл кысинниң ымыры, балалық
шағы қатты қырықтырады. сондықтан кумпозитор тўралы малмөттерды ылы де
толқытырып жатырмыз.

- ықырмандарымызға сол малмөттерден болмөс кеттигизши?

- билөсыздер, зағжар дари́н йөсы 1925-жылы 1-ыаўыр кўны алаты
ылысы, биле аўданындағы шилөкөмер аўлында дўниегө келгән ыой. қазыр бұл
өлдимөкән «нўрейса тилеңдиһў» аўлы дөп аталады. ыл кысинниң акөсы аталай
домбырашы, халық андерһиниң билгөры болған. шөшөсы салиқа да ылек аитып,
сырнайда ынаған ынерһаз жан. өкөўы де қағылз Ұлынниң ыркөшө қабилөттерин ырте
танып, жасынан баўылған ыой. мысали, акөсы нўрейсаға бөс жасында домбыра
тартўды Ұйрөтп, анысы болса ынык ноталық сауатын ашқан. бала кўнинде мындай

- ول راس. بۇل ورکەستر ونەر يەسەنە ەرەكشە شاپت بەردى. ورکەسترمەن جۇمىس بارىسندا ول كىسى ەرەكشە ارقالانىپ كەتەتىن ەدى دەيدى. وعان ءوزىمىز دە كۋا بولدىق. 1980- جىلى نۇرعىسا تىلەندىيەۋ قازاق فيلارمونىياسى جاننان «وتىرار سازى» ورکەستىرىن ءيمىداستىرادى. باسندا شىعارماشلىق ۇجىم شاعىن انسامبل رەتىندە ونەر كورسەتتى. ال ەكى جىلدان كەيىن ورکەستر بولپ قۇرىلدى. ورکەستر قوس شەكتى، ءۇش شەكتى دومبىرالار، قوبىز، سىبىزى، سازىرناي، جەتىگەن، شاڭ قوبىز، اساتايلاق سەكىلدى ەرتەدەن بەلگىلى مۇزىكالىق اسپاپتاردى قولداندى. ارتىنان وعان كەڭ شاناقى جانە شىڭكىلدەك دومبىرالار، نار قوبىز، جەز قوبىز، مەس قوبىز، سازگەن، اسا شەرتەر، ادېرنا، داڭغىرا جانە تاغى باسقا اسپاپتار قوسىلدى. 1984- جىلى ورکەستر الماتى قالاسىندا وتكەن بۇكىل وداقتىق فەستىۋالعا قاتىستى. ماسكەۋدىڭ پ.ي.چايكوۋسكىي اتىنداعى ۇلكەن كونتسەرت زالىندا ونەر كورسەتپ، 1985 جىلى بۇكىل وداقتىق كومسومول سىيلىغىنىڭ لاۋرەاتى اتاندى. ءيا، ەرەكشە دارىن يەسى ن. تىلەندىيەۋتىڭ ارامىزدان كەتكەنىنە دە ءبىراز ۋاقىت وتكەن ەكەن. وسىناۋ ۋاقىت ىشىندە نۇراعاڭنىڭ كوزىندەي بولعان «وتىرار سازى» ءوز بىيگىنەن ءبىر ساتى دا تومەندەگەن ەمەس. قايتا ونىڭ ونەرى حاس تالانتتىڭ مىنەزىندەي تاسىپ، بىيىكتەپ بارادى. ءزىن باسقان ۇرپاعى ءدىزۋحراسى باردا نۇرعىسا تىلەندىيەۋتىڭ وتىنىڭ وشپەسى، ونەرىنىڭ ولمەسى انىق.

– 18 –

- о-о-о, бұл керемет пен мерекесі болды. 2023-жылы
 Халықаралық Түркі Мадениеті Ұйымының Түрксөй бас хатшысы «2025-жыл
 - Нұрғиса Телендиев жылы» деп жариялағаны белгілі. Халықаралық Түркі
 Мадениеті Ұйымының Түрксөй бас хатшысы мен Қазақстанның Түркиядағы
 елшілігінің Халықаралық Түркі Мадениеті Ұйымының Түрксөй бас хатшысы, к.с.р.о. халық
 әртисі, «Халық қаһарманы» Халықаралық Түркі Мадениеті Ұйымының Түрксөй бас хатшысы, айылы күйші,
 дирижер, домбырашы Нұрғиса Телендиевтің туғанына 100 жыл толуына байланысты
 Ұлкен «с-шара» ұйымдастырды. Бауырлас Түркі Мадениеті Ұйымының Нұрғиса
 Телендиевтің ерекше құрмет көрсетті. Оның есімінің шекаралары Түркі
 жерінде де орнады. Телендиевтің атындағы мұражайы ұжымды осынау атқарып
 жатқан жұмыстарға зор ықпалын берді. Бүгінгі, ұлы Телендиевтің қа
 ыталанбас шекаралық баршаға ортақ, біз оны көздің қарашындай
 сақтауға тиіспіз.

Ағамеменскен ая ескендер.



КҮЙ КӨРКЕМІ (ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ, АТАҚТЫ САЗГЕР НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВКЕ АРНАЙМЫН)



*«Нұрғиса!... Бұл есімнің синонимі
Құдірет, Өнер, Тәңір. Ғасырларда біртуар дарын иесі Нұрекең дауылпаз тұлға».*

Академик Манаш Қозыбаев.

Барыс жылы.
Он бесінде қазанның,
(Алыстатты табиғатта жаз әнін).
Таңғы сағат жетіден он кеткенде,
Болмыстан естілді бір азалы үн.
Әлсіретті тұла бойға күш келмей,
Жегі болып бара жатыр іштен ой.
Бойың дел-сал, ойың ойран-асыр боп,
Бүйікұрт кеп буынына түскендей.
Ұлы өнердің иесі еді жан-жақты,
Жаратушы Нұрғисаны таңдапты.
Көшесінде күңіренген күй біткен,
Аһ ұрды, ауыр оймен Алматы.
Бозғылттанған бұтақтары шаңкіштің,
Әлсірейді жойғанындай ән күшін.
Тұңғиықтан тұман басып тұтасты,
Тұншықтырып, артқандай-ақ қан басым.
Алатауда тұнжырады сұқтанып,
Ауыр-ауыр қанаттарын бұлт қағып.
Ағыл-тегіл көз жасындай бұлақтар,
Абыржыды арнасынан кілт тайып.
Іле, Есіл, Ертіс, Еміл, Ақ Жайық,

Жағасынан болғандай-ақ ән ғайып.
 Сұлқ түсіп, сұлап ағып сұстанды,
 Толқындардың түсі өзгеріп шаң қауып.
 Алтай, Арқа, Атырау да күрсінді,
 Аза тұтқан айқындалды күй сыры.
 Маңғыстауда Аруана боздады,
 Домбыра елі еске алды күйшіні...
 Шырылдады Нұрағаның арманы,
 Шолпан болып жарқырады таңдағы.
 Ұлы сазгер көзін жұмған сағатта,
 Махамбеттің аунап түсті аруағы.
 Сұм тағдырдың соқтықпалы соқпағы,
 Сүріндірді жерге қарай оппалы.
 Көкірегін қасіретке толтырып,
 Күңіреніп күй біткендер жоқтады.
 «Шыңыраулар», «Кішкентайлар»,
 «Ақпайлар»...
 «Бауырымдады» жерін таппай ат байлар.
 Қарсы айырылды көкірегі қазақтың,
 Жер бауырлап, көкті жұлып жатты ойлар...
 Күңіреніп домбырада күй қайғы,
 Күрсінуді пернесінде ұлғайды.
 «Тумақ-сүннет, өлмек-парыз» десек те,
 Туған елі Нұрғисасын қимады.
 Бұлбұл едің сызылтып «ән салатын»,
 Жыр гүлі едің ғашық болған бар ақын.
 Ойламаппын мына күнді, Жан аға,
 Орайланып қанаттарың талатын.
 Аққу едің жеттің айдын көліне,
 Шынар едің шықтың асқар беліңе.
 Өлді деуге аузым менің бармайды,
 Өлмейтұғын күй қалдырдың еліңе.
 Көңілімді көргеніңде күрсінген,
 Жасықсың деп жігер беріп ұрсушы ең.
 Енді кімге بازیнамды айтамын,
 Біржолата алыстадың көгімнен.
 Көктемдегі мөлдіріндей жаңбырдың,
 Кең даланы керім күйге қандырдың.
 Ахаң берген домбыраңды Жан аға,
 Мұра қылып, кімге ғана қалдырдың?
 Меңдуана жегендеймін тап шыным,
 Күйін кешіп тұрғандаймын бақсының.
 Ойларымның оты болып лаулаған,
 «Отырардың сазын» кімге тапсырдың?

Домбыраның мұңы болды мұндай күн,
Қасіреттің күйі болды тыңдайтын.
Қара тиек, қара ішек тағылған,
Домбыра үшін жылаймын да жырлаймын.
Дариғаның жоқтауы
Ел үшін талай толғанып,
Мен үшін талай толғанып.
Бақыт қып санап өмірге,
Баулыдың құс қып қолға алып.
Ардағыңның жас құсы ем,
Арманыңның жақсысы ем.
Аспанынан түспейтін,
Өндеріңнің ақ құсы ем.
Нұрлары едің көзімнің,
Жырлары едің сөзімнің.
Көктемім болып келетін,
Күзім де едің өзімнің.
Түзімдегі қайнарым,
Үйімдегі айбарым.
Аптабы бар жаныңның,
Ақпанынан айналдым.
Асқарға шыққан жалбызым,
Аспандап ұшқан жалғызым.
Көзіңнен таса қылмаушы ең,
Артыңа қалай қалдырдың?
Ғарышым едің көк тілген,
Арысым едің көп білген.
Қадірлің едім қажытып
Қалайша қиып кеттің сен?
Құдірет қып ел сені,
Құрмет қып белсенді.
Аза тұтып қайғырып,
Алатауың теңселді.
Аспаны болған қапырық,
Алматың жатты аһ ұрып.
Көшесінде Абайдың,
Көздердің жасы шашылып...
Балығы шошып сол күні,
Балқаштың үдеп толқыны.
Жетіген болып Жетісу
Жүректі тербеп толқыды.
Атырау толқып, толғанып,
Дауыл боп соқты долданып.
Махамбет болып күтуші ең,

Домбыранды қолға алып,
 Торлады ауыр үйімді ой,
 Тұрайын қалай күйінбей.
 Құлазып жатты кең далаң,
 Құйын боп соққан күйіндей.
 Өмірімнің күндізін,
 Көңілімнің құндызын...
 Жарым деп жүріп білмеппін,
 Жаһанның жарық жұлдызын.
 Ертеңі едің үйімнің,
 Көркемі едің күйімнің.
 Таланттың тауы едің сен,
 Тауап қып мәңгі иілдім.
 Таң едім.
 Қазір кешкірдім,
 Тағдырдың көрдім көшкінін,
 Өнердің ұлы адамы
 Екенінді әттең, кеш білдім.
 Бұлбұлға шіркін кең ғой бақ,
 Түсіндім бәрін енді ойлап.
 Ұлылық кернеп жүргенде,
 Ұрсыппын саған, мен бейбақ!
 Шайқалды көңіл көп көлі,
 Артпаймын саған өкпемді.
 Өзіндей маған ренжіп,
 Өзіндей сүйген жоқ мені.
 Әнін ді санап өзіңе,
 Аламын жасты көзіме.
 Самал боп соғып аңқылдап,
 Не жетсін айтқан сөзіңе.
 Домбыраң қалды ілулі,
 Шағамын соған мұңымды.
 Тарқатам сағынышымды,
 Тартқызып тарлан күйінді.
 Жолдарды басып ақтабан,
 Жан тілегімді ақтаған.
 Өзіндей ұлы адамға
 Өмірім болып мақтанам.
 Ой тербеу
 Алтындап соқпасам да жыр бедерін,
 Алқынған арнасында бір көл едім.
 Еркелеп кездескенде өзіңе аға,
 Елеусіз сәлем беріп жүргендеймін.
 Жүзінде жайдарылық, имандылық,

Жүректен кісілікті иландырып.
 Жүруші ең ән қабылдап, жыр қабылдап,
 Сезімге сергектікті құйған күліп.
 Адамнан аяры жоқ құт жүрегі,
 Санаушы ең бауырыңа құдды мені.
 Милықты келгенменен жазық маңдай,
 Иығың мінезіндей тіп-тік еді.
 Ерекше қадір тұтып жүруші едім,
 Талантты самародный білуші едім.
 Аңқылдап келе жатып
 қайран аға,
 Баукеңнің мінезіне күлуші едің.
 Ерентау еменіндей бойың сұңғақ,
 Сөзіңнен жүруші еді ойың тулап.
 Ада ғып сезіктентіп, секіртетін,
 Адамды тұщытпайтын татымсыз зат.
 Ақ самал аңқылдаған дала едің,
 Дарагер өнердегі дара едің.
 Тегінде табиғатың тартып туған,
 Кезінде нәрестедей бала едің.
 Толассыз тебіrentкен толқы жырым,
 Сақтай біл табиғатын жол сырының.
 Қолдай гөр, Нұрғиса аға аруағыңмен,
 Болса егер дастанымда олқылығым.
 Туғанмен шуақтанып өзінде Күн,
 Тұрмастай жатып алды төрің де мұң.
 Жалғаспай жатса Ән мен асқақ күйім,
 Жалғай түс, жетпей жатқан жерімде өзің.
 Бақытсыз ақындықпен жазып өлең,
 Қоштасқан едім жастық жазымменен.
 Сілкінген жердің күші сияқтанып,
 Сілкінтіп едің «Отырар сазыңменен».
 Адамдай түн ішінде айды күткен,
 Жүрегім қан жылаған, шайлығып мен.
 Азынап Байжігіттің күйлеріндей,
 Азаннан таралады қайғы біткен.
 Болғандай лапылдайды жырларым от,
 Жақсыдан айырылу - бұл да бір дерт.
 Ауырып жатқаныңда Елбасының,
 Көңіліңді сұрауы өзі бір ғанибет.
 Қарасам бұл жағынан бақыттылық,
 (Жаратқан өнерліні бақытты ғып).
 Ал менің ондайым жоқ.
 Сау жанымды,

Кейбіреу жаралайды атып, ұрып...
Жүрегім осыны ойлап тұралайды,
Ойымның оққа ұшып құралайы.
Жатқанда емханада орден тұрмақ,
Шіркін-ау!
Көңілімді ешкім сұрамайды.
Болғандай лапылдайды жырларым от,
Көңілдің қош болмауы бұл да бір дерт
Ауылың туып-өскен алыс болмай,
Қасыңда тұруы өзі бір ғанибет.
Аударып ықыласын дүйім көптің,
Қазақтың қасиетті күйін шерттің.
Арқардың құлжасындай шалт қимылмен,
Сан рет оркестрді дүрілдеттің....
Биіктеп көтерілген шыңдарына,
Бас имеу мүмкін емес шын дарынға.
Ұлттық музыка үнін жарқыратқан,
Жатушы ед құдіреттілік ымдарыңда.
Қазақтың дарагері, әйгілі ұлы,
Өнімен шуақтанған айлы түнді.
Саусақтың саласымен күй тербеген,
Киелі сахнаның сәйгүлігі.
Алыстап жүректерге жара салдың,
Алаулап туған кезде жаңаша Күн.
Ұлысың.
Тірлігінде куә болған,
Куә боп қалды мәңгі Алатауың.

Кеңесжан Шалқар
«Ана тілі» газеті



KÜİ KÖRKEMI (HALYQ QAҺARMANY, ATAQTY SAZGER NŪRĜISA TИLENDIEVKE ARNAIMY



*«Nūrġisa!... Būl esımnıñ sinonımı
Qūdiret, Öner, Täñır. Ğasyrlarda birtuar daryn ıesı Nūrekeñ dauylpaz tūlġa».*

Akademik Manaş Qozybaev

Barys jyly.
On besinde qazannyñ,
(Alystatty tabıgatta jaz änin).
Tañġy saġat jetiden on ketkende,
Bolmystan estıldı bır azaly ün.
Älsiretti tūla boıġa küş kelmei,
Jegı bolyp bara jatyr ıšten oi.
Boıyñ del-sal, oıyñ oiran-asyr bop,
Büinqūrt kep buynyña tūskendei.
Üly önerdñ ıesı edı jan-jaqty,
Jaratuşy Nūrġisany tañdapy.
Köşesinde küñirengen küi bıtken,
Ah ūrdy, auyr oimen Almaty.
Bozġylttanġan būtaqtary şańkıştıñ,
Älsireidı joıġanyndai äñ küşın.
Tūñġıyqtan tūman basyp tūtasty,
Tūnşyqtyryp, artqandai-aq qan basym.
Alatauda tūnjyradı sūqtanyp,
Auyr-auyr qanattaryn būlt qaġyp.
Aġyl-teġıl köz jasyndai būlaqtar,
Abyrjydy arnasynan kılıt taiyp.
Ile, Esıl, Ertıs, Emıl, Aq Jaiyq,
Jaġasynan bolġandai-aq äñ ġaiyp.

Sūlq tūsıp, sūlap aǵyp sūstandy,
 Tolqyndardyń tūsı özgerıp shań qauyp.
 Altai, Arqa, Atyrau da kūrındı,
 Aza tūtqan aiqyndaldy küi syry.
 Mañǵystauda Aruana bozdady,
 Dombyra elı eske aldy küişini...
 Şyryldady Nūraǵanyń armany,
 Şolpan bolyp jarqyrady tańdaǵy.
 Ūly sazger közin jümǵan saǵatta,
 Mahambettiń aunap tüstı aruaǵy.
 Sūm taǵdyrdyń soqtyqpaly soqpaǵy,
 Sūrındırdı jerge qarai oppaly.
 Kökıregın qasıretke toltyryp,
 Küñirenıp küi bıtkender joqtady.
 «Şyñyraular», «Kıškentailar»,
 «Aqpailar»...
 «Bauyrymdady» jerin tappai at bailar.
 Qarsy aiqyryldy kökıregi qazaqtyń,
 Jer bauyrlap, kökti jūlyp jatty oilar...
 Küñirenıp dombyrada küi qaiǵy,
 Kūrınıuı pernesinde ūlǵaidy.
 «Tumaq-sünnet, ölmek-paryz» desek te,
 Tuǵan elı Nūrǵisasyn qımady.
 Būlbūl ediń syzylytp «ān salatyn»,
 Jyr güli ediń ǵaşıq bolǵan bar aqyn.
 Oilamappyn myna kündi, Jan aǵa,
 Orailanyp qanattaryń talatyn.
 Aqqu ediń jettiń aidyn köline,
 Şynar ediń syqtyń asqar belıñe.
 Öldi deuge auyzym meniń barmaidy,
 Ölmeitüǵyn küi qaldyrdyń eliñe.
 Köñilimdi körgeñiñde kūrşingen,
 Jasyqsyń dep jıger berip ūrsuşı eñ.
 Endi kımge bazynamdy aitamyn,
 Bırjolata alystadyń kögımnen.
 Köktemdegi möldirindei jańbyrды,
 Keñ dalany kerim küige qandyrdy.
 Ahań bergen dombyrańdy Jan aǵa,
 Mūra qylyp, kımge ǵana qaldyrdy?
 Meñduana jegendeimın tap şynym,
 Küiın keşip tūrǵandaimyn baqsynyń.
 Oilarymnyń oty bolyp laulaǵan,
 «Otyrardyń sazın» kımge tapsyrdy?
 Dombyranyń mūñy boldy mūndai kün,

Qasırettiñ küiı boldy tyñdaityn.
 Qara tiek, qara ıšek tağylğan,
 Dombyra üşin jylaimyn da jyrldaimyn.
 Dariğanyñ joqtauy
 El üşin talai tolğanyp,
 Men üşin talai tolğanyp.
 Baqyt qyp sanap ömirge,
 Bauldydyñ qūs qyp qolğa alyp.
 Ardağyñnyñ jas qūsy em,
 Armanyñnyñ jaqsysy em.
 Aspanynan tūspeitin,
 Änderiñniñ aq qūsy em.
 Nūrlary ediñ közımnıñ,
 Jyrlary ediñ sözımnıñ.
 Köktemim bolyp keletin,
 Kūzım de ediñ özımnıñ.
 Tūzımdeğı qainarym,
 Üimdeğı aibarym.
 Aptaby bar janyñnyñ,
 Aqpanynan ainaldym.
 Asqarğa şyqqan jalbyzym,
 Aspandap ūşqan jalğyzym.
 Köziñnen tasa qylmauşy eñ,
 Artyña qalai qaldyrdyñ?
 Ğaryşym ediñ kök tilgen,
 Arysım ediñ köp bilgen.
 Qadırlıñ edim
 qajytyp
 Qalaişa qiyp kettiñ sen?
 Qūdıret qyp el senı,
 Qūrmet qyp belsendı.
 Aza tūtyp qaiğyryp,
 Alatauyñ teñseldı.
 Aspany bolğan qapyryq,
 Almatyñ jatty ah ūryp.
 Köşesinde Abaidyñ,
 Közderdiñ jasy şaşılyp...
 Balyğy şoşyp sol küni,
 Balqaştyñ üdep tolqyny.
 Jetigen bolyp Jetisu
 Jürektı terbep tolqydy.
 Atyrau tolqyp, tolğanyp,
 Dauyl bop soqty doldanyp.
 Mahambet bolyp kütüşı eñ,

Dombyrañdy qolğa alyp.
 Torlady auyr üimdi oi,
 Tūraiyn qalai küimbei.
 Qūlazyp jatty keñ dalañ,
 Qūiyn bop soqqan küiñdei.
 Ömırımñıñ kündızın,
 Köñılımñıñ qūndyzyn...
 Jarym dep jūryp bılmeppın,
 Jahannyñ jaryq jūldyzyn.
 Erteñi ediñ üimniñ,
 Körkemı ediñ küimniñ.
 Talanttyñ tauy ediñ sen,
 Tauap qyp mäñgi ıldım.
 Tañ edım.
 Qazır keşkırdım,
 Tağdyrdyñ kördım köşkinin,
 Önerdiñ ūly adamy
 Ekeniñdi ätteñ, keş bıldım.
 Būlbūlğa şırkın keñ ğoi baq,
 Tūsındım bärin endi oilap.
 Ūlylyq kernep jürgende,
 Ūrsyppyn sağan, men beibaq!
 Şaiqaldy köñil köp köli,
 Artpaimyn sağan ökpemdi.
 Öziñdei mağan renjip,
 Öziñdei süigen joq meni.
 Äniñdi sanap öziñe,
 Alamyn jasty közime.
 Samal bop soğyp añqyldap,
 Ne jetsın aitqan söziñe.
 Dombyrañ qaldy ılulı,
 Şağamyn soğan mūñymdy.
 Tarqatam sağynyşymdy,
 Tartqyzyp tarlan küiñdi.
 Joldardy basyp aqtaban,
 Jan tılegimdi aqtağan.
 Öziñdei ūly adamğa
 Ömırım bolyp maqtanam.
 Oi terbeu
 Altyndap soqpasam da jyr bederin,
 Alqynğan arnasynda bır köl edım.
 Erkelep kezdeskende öziñe ağa,
 Eleusız sälem berip jürgendeimın.
 Jüzıñde jaidarylyq, imandylyq,

Jürekten kısılıktı ilandyryp.
 Jürüşı eñ än qabyldap, jyr qabyldap,
 Sezımge sergektıktı qūıǵan külıp.
 Adamnan aiary joq qūt jüregı,
 Sanauşy eñ bauyryña qūddy menı.
 Milyqty kelgenmenen jazyq mañdai,
 İyǵyñ mineziñdei tıp-tık edı.
 Erekshe qadır tütıp jürüşı edım,
 Talantty samarodnyı bılıuşı edım.
 Añqyldap kele jatyp
 qairan aǵa,
 Baukeñniñ minezıne küluşı ediñ.
 Erentau emenindei boiyñ sūñǵaq,
 Söziñnen jürüşı edı oiyn tulap.
 Ada ğyp sezıktentıp, sekırtetın,
 Adamdy tüşşytpaityn tatymsyz zat.
 Aq samal añqyldaǵan dala ediñ,
 Darager önerdegı dara ediñ.
 Teginde tabıǵatyñ tartyp tuǵan,
 Kezinde närestedei bala ediñ.
 Tolassyz tebırentken tolqy jyrym,
 Saqtai bıl tabıǵatyn jol syrynyñ.
 Qoldai gör, Nūrǵısa aǵa aruaǵyñmen,
 Bolsa eger dastanymda olqylyǵym.
 Tuǵanmen şuaqtanyp öziñde Kün,
 Tūrmastai jatyp aldy törıñ de mūñ.
 Jalǵaspai jatsa Än men asqaq küiim,
 Jalǵai tüs, jetpei jatqan jerimde öziñ.
 Baqysyz aqyndyqpen jazyp öleñ,
 Qoştasqan edım jastyq jazymmenen.
 Sılkingen jerdıñ küşı siaqtanyp,
 Sılkıntıp ediñ «Otyrar sazyñmenen».
 Adamdai tün ıśinde aidy kütken,
 Jüregim qan jylaǵan, şailyǵyp men.
 Azynap Baiıǵıttıñ küilerindei,
 Azannan taralady qaiǵy bıtken.
 Bolǵandai lapyldaidy jyrlarym ot,
 Jaqsydan aiyrılı - bül da bır dert.
 Auyryp jatqanyñda Elbasynyñ,
 Köñılıñdı sūrauy özi bır ğanibet.
 Qarasam bül jaǵynan baqyttylyq,
 (Jaratqan önerlini baqytty ğyp).
 Al meniñ ondaiym joq.
 Sau janymdy,

Keibireu jaralaidy atyp, ūryp...
 Jüregim osyny oilap tūralaidy,
 Oiyimnyñ oqqa ūşyp qūralaiy.
 Jatqanda emhanada orden tūrmaq,
 Şırkın-au!
 Köñilimdi eşkim sūramaidy.
 Bolğandai lapyldaidy jyrlarym ot,
 Köñildiñ qoş bolmauy bül da bır dert.
 Auylyñ tuyp-ösken alys bolmai,
 Qasyñda tūruy özi bır ğanibet.
 Audaryp yqylasyn düim köptiñ,
 Qazaqtyñ qasietti küim şerttiñ.
 Arqardyñ qūljasyndai şalt qimylmen,
 San ret orkestrdı dūrıldettiñ....
 Biıktep köterılgen şyñdaryna,
 Bas imeu mümkin emes şyn darynğa.
 Ūlttyq muzyka ünın jarqyratqan,
 Jatuşy ed qūdırettılık ymdaryñda.
 Qazaqtyñ daragerı, äigılı ūly,
 Änimen şuaqtanğan aily tündi.
 Sausaqtyñ salasymen küi terbegen,
 Kielı sahnanyñ säigüligi.
 Alystap jürekterge jara saldyñ,
 Alaulap tuğan kezde jañaşa Kün.
 Ūlysyñ.
 Tırlıgıñde kuä bolğan,
 Kuä bop qaldy mänğı Alatauyñ.

Keñesjan Şalqar
«Ana tılı» gazeti



ПАРИЖДЕ НҮРҒИСА ТІЛЕНДИЕВКЕ АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕ АШЫЛДЫ

Франция астанасы Парижде қазақ музыкасының біртуар тұлғасы, Халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған «Шабыт бастауы: Нұрғиса Тілендиевтің мұрасы» атты халықаралық көрме ашылды.



Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің хабарлауынша, көрмеге композиторға қатысты 70-ке жуық құнды жәдігер қойылған. Олардың қатарында Тілендиевтің қолжазба партитуралары, сирек кездесетін фотосуреттері, жеке пайдаланған заттары, сондай-ақ Ахмет Жұбанов сыйға тартқан әйгілі «Дариға домбырасы» бар. Айта кетейік, дәл осы Жұбанов бала Нұрғисаның музыкаға бет бұруына ықпал еткен тұлғалардың бірі.



Алты тақырыптық бөлімнен тұратын экспозиция композитор шығармашылығының әр қырын ашып, қазақ музыкасының терең тамыры мен бай болмысын паш етеді.



Көрменің ашылу рәсіміне ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттердің елшілері, халықаралық ұйым өкілдері, француз жұртшылығы мен қазақ диаспорасының өкілдері қатысты. Қазақстанның ЮНЕСКО жанындағы Тұрақты өкілі Асқар Абдрахманов бұл көрмені түркі руханияты мен қазақ музыкасына көрсетілген жоғары құрмет, жаһандық деңгейде танылудың айқын дәлелі деп бағалады.

Жоба Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен, Музейлер бірлестігінің ұйымдастыруымен жүзеге асты. Жобаға Қазақстанның ЮНЕСКО жанындағы Тұрақты өкілдігі мен Түркі мәдениеті және мұрасы қоры да атсалысты. Көрменің басты мақсаты – Нұрғиса Тілендиевтің бай мұрасын халықаралық аудиторияға таныстыру және қазақтың төл музыкасын жаһандық мәдени кеңістікке шығару.



Эрнесто Оттоне Рамирес, ЮНЕСКО бас директорының орынбасары: - Ол қазақтың ұлттық дәстүрлі ән өнерін заманауи және батыстық аспаптармен ұштастыра білген бірегей тұлға. Әрі осы арқылы қазақ музыкасының өзіндік ерекшелігін әлемге таныта

білді.

Дінзухра Тілендиева, Н.Тілендиев атындағы «Отырар сазы» ансамблінің бас дирижері: - Мұндай көрменің шетелде алғаш рет ашылу сәті. Кеудемді қуаныш пен мақтаныш сезімі кернеп тұр. Өзіміздің ұлттық аспаптарымызды көргенде қобалжығаным сонша, денем тітіркеніп, ерекше күйде болдым.

Kez kelgen föklorlyq keіpkerdi jarqyn reñkte, şytyрман suretter men qyzyqty süjetke arqau etu arqyly sol keіpkerdiñ түpnūsqasy saqtalған föklorlyq tuyndyny tanymal ete alamыз. Föklorlyq keіpkerler negızindegi biregei qaharmandy somdau arqyly otandyq animasia özgege ūqsamaityn sipat alady. Animasialyq filmler көrermenderмен emosionaldy bailanysty saqtai otyryp, olarға ūlttyq qūndylyqtaryмызды nasihattaidy. «Batyrлар jyry», «Ғаşıqtyq dastandar» seriasymen şyғарылған animasialyq filmler көрermenderin jalyqtyрмаi, asqan bırızdılıkpen әдет-ғұрып, salt-dästүrimізdi tanystyrady. Balanyñ jas erekşeligі men qyzyғушыlyғын esepke ala otyryp, jeñilden auyrға qарai prinsipine negızdele daiarlangan önınder qazaq föklorymen tanysuға degen sūranysty qalyptastyrady.

Orys halqynyñ «Maşa men aiu» ertegisiniñ süjetin zamanauı interpretasialau nätijesinde äзіrlengen animasialyq filmniñ tanymal boluy osy süjetpen äзіrlengen komiksterge,

oıynşyqtar men beıneoiyndarğa degen sūranysty arttyrды.

Animasia balalardyñ uaqytyn ötkizu üşin qoldanylatyn oıyn-sauyq qūraly deñgeimen köterilip, önerdiñ bir türı retinde qalyptasqaly da biraz uaqyt boldy. Büginde animasialyq filmder beıneleu önerin, söz önerin, kömpüterlik ädisterdi, muzyka önerin ұstastyrgan sinkretti tuyndyға ainalyp otyr. Animasia mädeniet pen ozyq tehnologianyñ körsetkishi retinde qabyldanyp, verbaldy және vizualdy qarym-qatynastyñ mañyzdy qūraly retinde sipattalady. Mine animasianyñ osy qyryn, onyñ qoғam men mädeni qūndylyqtarға әserin timdi paidalanғanymyz jön.

Animasialyq filmder körmenderdi virtualdy әлемge jeteleitin baspaldaq qana emes, onyñ tән және jan saulyğyn, qauıpsızdığın, tәlim-tәрbiesin qalağan

arnaға qarai būratyn tetik. Sol sebepti de kez kelgen animasialyq önımnıñ maqsatty auditoriaға qalai әser etetinıne jiti köñil bölumız kerek. Animasialyq filmdegi süjettiñ şytyrman, keııpkерlerdiñ aiqyn boluy ony körmenderdiñ jyly qabyldap, sūranysqa ie boluyna yqpal etedi.

Әdebietter:

1. Suhorukov I.S. İzuchenie osobennostei etnokulturnoi identichnosti şkölnikov // İaroslavski pedagogicheski vestnik. – 2016. – № 6. – S. 110-116.

2. Kyştymova E.S. Psihologicheski analiz mültfilmov i osobennosti ih vospriatia mladşimi şkölnikami // Problemy teorii i praktiki sovremennoi psihologii: tezisy dokl. XVII Vseros. (s mejdunar. uchastiem) nauch.-praktich. konf. – İrkutsk, 2018. – S. 93-98.

Maqala 2023-2025 jyldarға arnalğan ğylymi және (nemese) ğylymi tehnikalyq jobalar boıynşa granttyq qarjylandyru aiasynda jazyldy. Zertteudi Qazaqstan Respublikasy Ğylym және joғary bilim ministrлығыniñ Ğylym komiteti qarjylandyrды (AP19678024)



يەڭگۈلۈڭ سايا

انيماتسىيالىق فىلىملەردىكى ۋلتىس قۇندىلىق قالىپتاستۇرۇش رولى

زاماناۋىي ونەر تۋىندىسى رەتىدە انيماتسىيالىق فىلىملەر بۈگۈن نەگىزىنەن بالالاردىكى، ال كەي جانرلىق ەرەكشەلىكتەرى تۇرغىسىنان ەرەسەكتەردىكى جوعارى سۇرانىسىنا يە بولپ وتىر. مەملەكەت باسشىسى قاسىم-جومارت توقاەۋنىڭ ۋلتىس قۇربلىق مۇشەلەرى تاراپىنان كوتەرىلگەن «وتاندىق كىنو جانە انيماتسىيا وندىرىسىنە يەۋولوگىيالىق تۇرغىدان ءمان بەرۋ» سەكىلىدى ماسەلەگە قولداۋ ءبىلىدۋى بۇل سالانىڭ قانشالىقتى ماڭىزدى ەكەنىن كورسەتەدى.

زاماناۋىي انيماتسىيالىق فىلىملەر بالالارعا ادام اعزاسى، الەم قۇربلىقى، قورشاعان ورتاداعى تىرشىلىك يەلەرىنىڭ ءومىرى تۋرالى پايدالى اقپاراتتار بەرىپ، عىلىم-مەن ءبىلىمنىڭ العاشقى الپپەسىن ۇيرەتەدى. مۇلتفىلىمدەردە كوبىنە كەيپىكەرلەردىڭ تەرسى مەنەزدەرى سىنالىپ، ءاردايىم زۇلىمدىقتى جاقسىلىق جەڭىپ وتىرادى. جاقسىلىقتىڭ جاماندىقتى اۋىزدىقتاپ، قاھارمانداردىڭ بارشا مۇراتىنا جەتۋى بالالاردىڭ جاقسىلىق جاساۋعا دەگەن قۇلشىنىسىن ارتىتىرادى. قوعامدا توبەلەس پەن جاماندىققا ورىن جوق ەكەنىن بەيسانالى تۇردە ۇعىندىرادى. بۇل زۇلىمدىققا ءتوزىمسىز، مەيىرىمدى ۇرپاقتىڭ قالىپتاسۋىنا ىقپال ەتەدى.

الايدا كەي انيماتسىيالىق ونىمدەردە باس كەيپىكەر رەتىدە انتىگەرەي، ياعنى ۇنامسىز كەيپىكەر الىناتىن جاعدايلار ءجىي كەزدەسەدى. باس كەيپىكەردىڭ زۇلىمدىقتى جاي عانا كوڭىل كوتەرۋ رەتىدە قابىلداۋى، تۋىندىنىڭ سوڭىندا جاماندىقتىڭ جاقسىلىقتى جەڭۋى، ۇنامدى كەيپىكەردىڭ قايتىس بولۋى بالا پىسخىكاسىنا كەرى اسەرىن تىگىزۋى ابدەن مۇمكىن. باسقاشا ايتقاندا زاماناۋىي انيماتسىيالىق فىلىملەر بالانىڭ مەنەز-قۇلقى مەن ءتالىم-تارىيەسىنە وڭ اسەرىن دە، تەرسى اسەرىن دە تىگىزۋى مۇمكىن. ءسوزىمىز دالەلدى بولۋى ءۇشىن جاسوسپىرىمدەر اراسىندا كەڭ تانىمال جاپون انيماتسىيالارىن مىسالعا كەلتىرگىمىز كەلەدى. جاپون انيماتسىياسىنىڭ بالالارعا اسەر ەتۋ دەڭگەيىنىڭ جوعارىلىعى سونشا جاسوسپىرىمدەر اراسىندا ولاردىڭ كىيىم-كەيىمى، شاش ۇلگىلەرى سانگە اينالىپ وتىر. ءتىپتى قىز بالالار سول كەيپىكەرلەرگە ۇقساپ بويانىپ، بەتتەرىن ارلەيتىنى ەشكىمگە قۇپيا ەمەس. وسى انىمەلەرىندەگى فانتاستىكالىق سىۋجەتتەردىڭ كوبى جاپون فولكلورىنىڭ نەگىزىندە قۇرىلعان.

ءبىزدىڭ فولكلورلىق سىۋجەتتەردە باتىردىڭ قارسىلاسىمەن سوعىساتىن ساتتەرى ءجىي كەزدەسەدى جانە مۇنداي ەپىزودتار جىرشى تاراپىنان جوعارى

ۋىستايىي ۋىلتنىڭ

بایته ره که بله دی.

مۇرىنەن كەستى مۇنتىتىپ.

بۇيرەكتەى بەتمى بۇلتىتىپ.

قىلىشتاي موينىن قۇارتىپ،

فولكلورلىق كەيپكەرلەردەن وسىنداي «پايدالى» انيماتسىيالىق وىرازاردى سومداپ، ولاردى ۇلتتىق برەندكە اينالدىرۋعا بولادى. ماسەلەن قوبىلاندى بەينەسىن انيماتسىيالاپ، ونى ناسىحاتتاۋ ارقىلى قوبىلاندى باتىردىڭ كەسەنەسىن جۇرتشىلىق ءجىي كەلەتىن تۋرىستىك ورنىغا اينالدىرۋعا بولار ەدى.

– 76 –

ورس حالقىنىڭ «ماشا مەن ايۇ» ەرتەگىسىنىڭ سىۋجەتىن زاماناۋىي يىتەرپەرەتسىيالاۋ نەتىجەسىدە زىرلەنگەن انىماتسىيالىق فىلىمنىڭ تانىمال بولۇشى وسى سىۋجەتپەن زىرلەنگەن كومىكستەرگە، ويىنىشقتار مەن ۆيدەۋويىندارغا دەگەن سۇرانىستى ارتتىردى.

انىماتسىيا بالالاردىڭ ۋاقىتىن وتكىزۋ ۋەشەن قولدانىلاتىن ويىن-ساۋىق قۇرالى دەڭگەيىنەن كوتەرىلىپ، ونەردىڭ ۋىر-تۇرى رەتىدە قالىپتاسقالى دا ۋىراز ۋاقىت بولدى. بۇگىندە انىماتسىيالىق فىلىمدەر بەينەلەۋ ونەرىن، ۋسوز ونەرىن، كومپيۇتەرلىك ادستەردى، مۇزىكا ونەرىن ۋشتاستىرعان سىنكرەتتى تۋىندىغا اينالىپ وتىر. انىماتسىيا مادەنيەت پەن وزىق تەحنولوگيانىڭ كورسەتكىشى رەتىدە قابىلدانىپ، ۋەربالدى جانە ۆيزۋالدى قارىم-قاتىناستىڭ ماڭىزدى قۇرالى رەتىدە سىپاتتالادى. مەنە انىماتسىيانىڭ وسى قىرىن، ونىڭ قوعام مەن مادەني قۇندىلىقتارغا اسەرىن ۋتىمىدى پايدالانغانىمىز ۋجون.

انىماتسىيالىق فىلىمدەر كورەرمەندەردى ۆيرتۋالدى الەمگە جەتەلەيتىن باسپالداق قانا ەمەس، ونىڭ ۋتان جانە جان ساۋلىغىن، قاۋىپسىزدىگىن، ۋتالىم-تارىيەسىن قالاعان ارناغا قاراي بۇراتىن تەتىك. سول سەبەبتى دە كەز كەلگەن انىماتسىيالىق ۋنىمنىڭ ماقساتتى اۋديتورىيەغا قالاي اسەر ەتەتىنىنە ۋجىتى كوڭىل ۋبولۋىمىز كەرەك. انىماتسىيالىق فىلىمدەگى سىۋجەتتىڭ شىتىرمان، كەيىپكەرلەردىڭ ايقىن بولۇشى ونى كورەرمەندەردىڭ جىلى قابىلداپ، سۇرانىسقا يە بولۇشقا نىقپال ەتەدى.



АҚМЕШІТ АСТАНА БОЛҒАНДА...

Биыл Қызылорда қаласының ел астанасы атанғанына ғасыр толып отыр. 1925 жылы 15 сәуірде Ақмешіт қаласында Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңестерінің V съезі басталып, оның барысында ұлтымыздың тарихи атауы қайтарылып, Ақмешітті Қызылорда қаласы деп атауға қаулы қабылданды. Уездік қалалық атқару комитеті осы жылдың


30 мамырындағы барлық мемлекеттік мекемелер, кооперативтік және басқа да ұйымдарға мөр, мөртабан, мекеме мандайшаларындағы атауын ай көлемінде «Қызылорда» деп өзгертуді міндеттеген қаулысы дария жағалауындағы қаланы ел байтағына айналдыру шараларын жеделдете түсті.



Жыл аясында мерейтой республика көлемінде жоғары деңгейде атап өтіледі. Оның аясында имидждік өнімдер шығару, республикалық ғылыми-танымдық конференция мен аламан айтыс өткізу, «Қызылорда – Алаштың жүрегінде» кітабын шығару ойластырылыпты. Астана болған Ақмешітте еңбек еткен талай ұлт зиялыларының тұрған үйлеріне, солардың орнына бой көтерген ғимараттарда ескерткіш тақта тұр. Жүз-жылдық аясында Алаш қайраткерлері мекен еткен орындарды да осылайша ерекшелендіру жоспарланып отыр. Жүз-жылдық қарсаңында құрылған жұмысшы топтың отырысында айтылған басқа да

ұсыныстар қолдау табады.

Қызылорданың астана болған кезеңіне қатысты мұрағаттың дені бұрынғы Қазақ Орталық Атқару комитеті ғимаратының сызбасы негізінде салынған Қызылорда қаласының тарихы музейінде сақталып тұр. Жеті жыл бұрын Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойы қарсаңында қаланың сол жағалауынан ашылған музей қорында қазір 1186 экспонат бар. «Алаш партиясының құрылуы және Ақмешіт-Перовск қаласының тарихы», «Қызылорда – ел астанасы», «Қызылорда қаласы тәуелсіздік жылдарында» атты залдардағы құжаттар екі ғасырдан астам тарихы бар қаланың өткенінен сыр шертеді.



Аспандияр Кенжин осы жылдың 10 наурызында дайындық жұмыстарының қорытындысын орталыққа баяндау үшін Орынбор қаласына сапарлауына байланысты орнына комиссия мүшесі М.Тынышбаевты қалдыратынын, оған басталған жұмысты әрі жалғастыру, ғимараттарды жөндеу мен дайындауға байланысты қаржыларды жұмсау құқы берілгенін атап көрсетіп, барлық партия, кеңес, кәсіподақ ұйымдары басшыларын бірлескен жұмыстарды жүзеге асыруға ықпал етуге міндеттеген бұйрығы сол кезеңдегі қаладағы қарбаласты көз алдыңызға әкелетіндей.

Қабырғадағы құжаттар арасынан 1925 жылдың 16 ақпанында қабылданған астананы Орынбордан Ақмешітке көшіру жұмыстары жөніндегі мәжіліс хаттамасының көшірмесін көрдік. Орталықты Ақмешіт қаласына көшіру мүмкіндігін жан-жақты зерттеу, лайықты жабдықтау жөніндегі комиссия төрағасы



Сол жылдың 13 сәуірінде комиссия төрағасы А.Кенжин қалалық атқару комитетінің төрағасы Рүстемовке жазған хатында Үкімет мүшелері мінген пойыз сәуірдің он бесінші күні түстен кейін Ақмешітке жететінін, соған байланысты дайындық шараларын пысықтап, ол жайлы комиссияны хабардар етуін сұрайды. Бесінші бүкілқазақ съезінде қабылданған қазақтың тарихи атауын қайтару мен Қазақ кеңес социалистік республикасының

орталығы Ақмешіт қаласын «Қызылорда» деп өзгерту жөніндегі құжат көшірмесі де музейде тұр. Бұл атауды ойлап тапқан кезіндегі саясат лебімен есімі түгілі елге жасаған еңбегі де айтылмай келген Алаштың ардағы Қоңырқожа Қожықов болған деседі. Музейдегі үлкен портретте ел ордасының Ақмешітке көшіп келген сәтіне жиналған жұрт қуанышы бейнеленіпті.



Қала тарихын зерттеп, көптеген мұраларды жинақтап, оларды ғылыми негізде жүйелеу бағытында біршама іс тындырған музей бастамасымен 100

жылдық аясында дөңгелек үстелдер, тарихшылармен кездесу жоспарланып отыр.

Мұрат Жетпісбаев
Дереккөз: <https://egemen.kz/>





AQMEŞİT ASTANA BOLĖANDA...

Biyl Qyzylorda qalasynyñ el astanasy atanǵanyna ġasyr tolyp otыр. 1925 jyly 15 säuirde Aqmeşit qalasynда Qyrǵyz (Qazaq) AKSR Keñesteriniñ V sezi bastalyp, onyñ barysynda űltymyzdyñ tarihi ataуy qaitarylyp, Aqmeşitti Qyzylorda qalasy dep атауға qaulы qabyldandy. Uezdık qalalyq atqaru komiteti osy jyldyñ 30 mamyryndaǵy barlyq memlekettik mekemeler, kooperativtik jäne basqa da űiymdarǵa mör, mörtaban, mekeme mandaişalaryndaǵy atauyn ai köleminde «Qyzylorda» dep özgertudi mindettegen qaulysy daria jaǵalauyndaǵy qalany el baitaǵyna ainaldyru şaralaryn jedeldete tüsti.



Jyl aiasynda mereitoi respublika köleminde joǵary deñgeide atap ötileді. Onyñ aiasynda imijdık önımdер шыǵарu, respublikalyq ġylymi-tanymdyq konferensia men alaman aitys ötkizu, «Qyzylorda – Alaştyñ jüreginde» kitabyn шыǵарu oilastyrylypty. Astana bolǵan Aqmeşitte eñbek etken talai űlt zialylarynyñ tūrǵan űilerine, solardyñ ornyna boi kötergen ġimarattarda eskertkiş taqta tūr. Jüzjyldyq aiasynda Alaş qairatkerleri meken etken oryndardy da osylaişa ereкşelendiru jospарlanyp otыр. Jüz-jyldyq qarsańynda qūrылǵan jūmysşy toptyñ otyrysynda aitylǵan basqa da űsynystar qoldau tabady.

Qyzylordanyñ astana bolǵan kezeñine qatysty mūraǵattyñ deni būrynǵy Qazaq Ortalyq Atqaru komiteti ġimaratynyñ syzbasy negızinde salynǵan Qyzylorda qalasynyñ tarihy muzeinde saqtalyp tūr. Jeti jyl būryn Qyzylorda qalasynyñ 200 jyldyq mereitoiy qarsańynda qalanyñ sol jaǵalauynan aşылǵan muzei qorynda qazır 1186 eksponat бар. «Alaş partiasynyñ qūrылuy jäne Aqmeşit-Perovsk qalasynyñ tarihy», «Qyzyl-orda – el astanasy», «Qyzylorda qalasy täuelsizdik jyldarynda» atty zal-dardaǵy qūjattar eki ġasyrdan astam tarihy бар qalanyñ ötkeninen syr şer-tedi.



Respublika ortalygy bolgan kezeñdi qamtytn bölimde erekşe mänerde ja-salğan şam men eskı söre, trubaly patefon közge birden tüsedı. Köne qoñyr üstel basynda balauyzdan jasalğan qyzmetker müsını şeşımdı bır qūjatqa qol qoiu üşın aldyndağy qağazdarğa töne tüsıp otыр.

Qabyrgadağy qūjattar arasynan 1925 jyldyñ 16 aqpanynda qabyldanğan astanany Orynboardan Aqmeşıtke köşiru jūmystary jönındeğı mäjılıs hattamasynyñ köşırmesın kördık. Ortalyqty Aqmeşıt qalasyna köşiru mümkindıgın jan-jaqty zertteu, laiyqty jabdyqtau jönındeğı komisia törağasy Aspandiar Kenjin osy jyldyñ 10 nauryzynda daiyndyq jūmystarynyñ qorytyndysyn ortalyqqa baiandau üşın Orynbor qalasyna saparlauyna bailanysty ornyna komisia müşesi M.Tynyşbaevty qaldyratynyn, oğan bastalğan jūmysty äri jalğastyru, ğımarattardy jöndeü men daiyndauğa bailanysty qarjylardy jūmsau qūqy berilgenin atap körsetıp, barlyq partia, keñes, käsıpodaq üiymdary basşylaryn birlesken jūmystardy jüzege asyruğa yqpal etuge mindettegen būiryğy sol kezeñdeğı qaladağy qarbalasty köz aldyñyzğa äkeletindei.



Sol jyldyñ 13 säuirinde komisia törağasy A.Kenjin qalalyq atqaru komitetiniñ törağasy Rüstemovke jazğan hatynda Ükımet müşeleri mingen poiyz säuirdiñ on besinşı küni tüsten keim Aqmeşıtke jetetinin, soğan bailanysty daiyndyq şaralaryn pysyqtaп, ol jailı komisiаны

habardar etuin sūraidy. Besinşı бүkılqazaq sezinde qabyldanğan qazaqtyñ tarihi atauyn qaitaru men Qazaq keñes sosialistik respublikasynyñ ortalyğy Aqmeşit qalasyn «Qyzylorda» dep özgertu jönindegi qūjat köşirmesi de muzeide tūr. Bұл ataudy oilap tapqan kezindegi saiasat lebımen esımı tūğılı elge jasağan eñbegi de aitylmai kelgen Alaştyñ ardağy Qoñyrqoja Qojyqov bolğan desedi. Muzeidegi ülken portrette el ordasynyñ Aqmeşitke köşip kelgen sätine jinalğan jūrt qanyşy beinelenipti.



Qala tarihyn zerttep, köptegen mūralardy jinaqtap, olardy ğylymi negızde jüieleu bağytynda birşama ısy tyndyrğan muzei bastamasymen 100 jyldyq aiasynda döñgelek üstelder, tarihşylarmen kezdesu josparlanyp otyr.

Mūrat Jetpisbaev
Derekköz: <https://egemen.kz/>



ШЕГЕН БИ

Тауарихтың 1680–1688 жылдары аралығында Тәуке хан таққа отырғанда Шеген би жетірудың атақты билерінің бірі болғаны белгілі. Рубасылар, билер елдің тұтастық, тыныштық және басқа саяси мәселелеріне тікелей араласуы осы кезден басталады. Тәуке хан билік жүргізудің бұрын-соңды болмаған жаңа түрін енгізуді ұйғарды. Осы себептен елдегі ең беделді, сенімді, әділ және өте шыншыл адамдарды іріктеп, «билер кеңесін» құрған. Бұған қазақтың ұлы жүзінен, орта жүзінен, кіші

жүзінен бір-бір би енген. Бұлардан басқа осы хандыққа қарайтын қарақырғыздан, қарақалпақтан және өзге тайпалардан өкілдер еніп, «Алаштың алты биі» атанған. Міне, осы «билер кеңесіне» халықтың аманатын арқалаған Шеген би бабамыз да сайланған. Тарихшы Мұхаметжан Тынышбаев «Великие бедствия» (Ақтабан шұбырынды) деген кітабының 78-бетінде Әйтеке биден бұрын кіші жүздің төбе биі Шеген би болғанын жазады.



«Алаш» тарихи-зерттеу орталығының деректеріне сүйенсек: «Бұл жерде аты аталып отырған Шеген бабамыз Кіші жүздің көп биінің бірі ғана емес, әз Тәукенің бас әзіреті, сопы Әзиз Мүсірәлімен бірлесе отырып, жан-жақта жүрген барша жетірудың басын қосып, Жайық бойына топтастыра, жақындатып жүрген тұлға».

Ел аузындағы шежіреге үңілсек, Шербұға (Шеген би) бабамыз – жағалбайлыдан шыққан, осы тайпаны тұтастырушы Мелде бидің ұрпағы. Бұрынғылардан «Елді ел еткен Мелде би» деген сөз қалған. Ал оның бесінші ұрпағы Шеген бидің уақытында жетірудың тайпаларын біріктіру, қазақ

хандығының ішкі, сыртқы саясатын айқындау мәселелері алда тұрды. Жетіру жұрты Тәуке ханмен келісе отырып, қазақ жерінің солтүстік-батыс жағын қаптаған орыстардан, татар-башқұрттардан қорғаймыз деп, қасиетті Жайықтың басы Жамантаудан бастап, сонау Елекке дейін екі жағын ала орналасады. Сол кездегі жетірудың Тәуке ханнан алған жері, қазіргі Башқұртстан, Батыс Қазақстан, Ресейдің Орынбор, Ақтөбе, Қостанай, Челябин облыстарымен шектеседі.



Тәуке хан Қазақ Ордасына 1680 жылы билікке келген. Демек, Шеген бидің елісіне араласуы осы жылдан немесе 1652 жылы қаза болған Жәңгір хан тұсынан басталады деп жорамалдауға болады. Ескі шежіреге үңілсек, Шеген би 80-90 жылдай өмір сүрген. Оның өмірге келген мезгілін XVI ғасырдың аяғы, не XVII ғасырдың басы деп болжам жасаймыз.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Күзембайұлы 2008 жылдың 26 тамызында шыққан «Қостанай жаңалықтары» газетіндегі «Қоғамға қызмет ететін әділ би» деген мақаласында былай дейді: «Би халықтың ашық дауысымен сайланған. Егер ол тура жолдан тайқып, халық сенімсіздік білдірсе, онда оған адамдар барып шағынуды қояды және биліктен шеттетіледі. Атақты Шеген би аумалы-төкпелі, түсініксіздеу мезгілде өмір сүрген. Күрмеуі қиын күрделі мәселенің шешімдерін алдына келіп жүгінушілерге тауып беріп отырған. Әсіресе, жер дауына байланысты байыпты пікір білдіруден айнымаған. Ол кезде жазғы жайлау, қыстау, сосын мал суару үшін қажет өзен, көлдің жағалауын жанжал шықпайтындай етіп бөліп беру керек болған. Әр руға, тайпаға бөлінген жер

ағайын арасында алауыздық, не өкпе тудырмаған. Бұл Шеген бидің шеберлігі мен оның әркімге тартпайтын шыншылдығын көрсетеді». Аталған автордың «Тарих өз өлкеңнің тарихынан басталады» деген тағы бір мақаласында: «Шеген би өз мезгіліндегі ең ауыр сұрақ – шекара белгілеу мәселесімен айналысқан. Кім біледі, осы кезде қалай боларын, егер ол кезде бұған жанашырлықпен, шыншылдықпен, елін сүйгіштікпен қарамаса. Орыстар қазақ жерін көбірек алып қалу үшін Шеген биге алтын алқа, алтын жүзік, алтынмен көмкерген шапан, қылыш беріп, шекараны қайта қарасын деп уәкіл жіберген. Сонда Шеген би оған: «Алтыннан алқа, жүзік тағатын қатын емеспін, қылыш алатын жауынгер емеспін, шапан жабатын сұлтан емеспін» деп сыйлықтарын қайтарып жіберген. Одан кейін Шеген биді ұстап алып, қамап көндіруге тырысқан. Көп ұстай алмайды, себебі атақ-даңқы бүкіл алты алашқа белгілі, артында сұрауы бар. Босатып жіберген, бірақ ердің қасын, қанжығасын улап аттандырған. Содан уланып Шеген би қайтыс болған. Шеген биді сол кездегі қазақ хандығының орталығы болған Түркістанға, қазақтың ардақты адамдарының қасына жерлеуге

алып шыққан екен, бірақ сүйекті бұзылып кететін болған соң, басқа жерге жерлеген», деп баяндайды.

Аласапыран замандарда Шеген бидің ұрпақтары бабасының берген антын сақтап қалуға тырысқан. Мысалы, «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» деген кітабының V томы 2-кітабының 34-бетінде былай көрсетілген: «Тотай батыр, жоғарыда аты аталып кеткен Шеген бабаға (Шеген биге): «Берген сертіне адал болу үшін ондаған

жылдар бойы Елек-Жайық-Үй өзендерінің бойындағы ұзындығы 2000 шақырымға жуық қазақ шекарасын қорғауға ат салысқан батыр» деп баға берген. Сонан соң, қай шекара қалай қорғалғаны көрсетілген. Арасында 90 жылдай уақыт өтсе де антқа берік қазақ батырлары, соны қасық қаны қалғанша орындауға тырысқан. Бұл Шеген бидің төртінші ұрпағы еді. Олай болса, бабалардан қалған елдіктің шебі ешқашан бұзылмасын.

*Баянғали Құлтаев,
өлкетанушы
Дереккөз: <https://egemen.kz/>*



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ЖАҢА СТРАТЕГИЯ, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ, АДАМ КАПИТАЛЫ

Елімізде жасанды интеллект саласын дамытуға бағытталған кешенді іс-шаралар қолға алынуда. Бұл туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ұйымдастырған баспасөз мәслихатында айтылды. Іс-шараға Жасанды интеллект және инновацияларды дамыту комитетінің төрағасы Ғиззат Байтұрсынов, «Astana Hub» технопаркінің бас директоры Дания Ахметова қатысты.



Алты бағытты қамтиды

2024-2029 жылдарға арналған жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы алты негізгі бағытты қамтиды: деректер, инфрақұрылым, адам капиталы, ғылыми зерттеулер, құқықтық реттеу, акселерациялық бағдарламалар. Қазір бұл тұжырымдаманы ұлттық стратегияға айналдыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

«Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен жасанды интеллект экожүйесін қалыптастыру – білім беру, ғылыми зерттеулер, инфрақұрылым, нормативтік-құқықтық база, кәсіпкерлік сынды бірнеше ірі компонентті қамтиды. Біз жасанды интеллектті дамытудың кешенді тәсілін ұстанып отырмыз: мектеп оқушыларынан бастап мемлекеттік қызметшілерге дейінгі барлық деңгейде адам капиталын дамытып, әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымды құрудамыз», - деді Ғ.Байтұрсынов.

Министрлік өкілінің баяндауынша, 2024 жылдың 27 сәуірінде Үкіметтің №342 қаулысы бойынша Министрлік жанынан Жасанды интеллект және инновацияларды дамыту комитеті құрылған. Бұл орган – саладағы нақты істер мен стратегиялық шешімдерді үйлестіретін орталық құрылым.

Сондай-ақ Мәжіліс депутаттары «Жасанды интеллект туралы» заң жобасын дайындаған. Құжат жасанды интеллект жүйелерін әзірлеу мен енгізуді кешенді түрде реттеуге бағытталған. Онда мемлекеттің салалық саясатының шекарасы белгіленіп, ЖИ жүйелерінің қауіпсіздігі, ашықтығы және жауапкершілігі жөніндегі ұстанымдар айқын көрсетілген. Сонымен қатар аталған технологияларды қоғам өмірінің түрлі салаларына этикалық әрі бақыланатын түрде ендіру жолдары қарастырылған.



Инфрақұрылым мен технологиялық даму

Министрлік жасанды интеллект үшін технологиялық инфрақұрылымды құру шеңберінде «NVIDIA» есептеу қуаттарын ел аумағына экспорттауға өтінім берген. Сонымен қатар «NVIDIA L40s» арнайы графикалық видеокарталары сатып алынып, олар «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жұмыс істеп тұрған деректерді өңдеу орталығында орналастырылған. Бұл ресурстар «KazLLM» қазақ үлкен тілдік моделіне негізделген мемлекеттік өнімдерді орналастыруға пайдаланылады.

«KazLLM» моделі 148 миллиард токеннен тұратын көптілді деректер жиынтығында оқытылған. Модельдің 8 және 70 миллиард параметрлі екі нұсқасы әзірленген.

«Дамып келе жатқан суперкомпьютерлік инфрақұрылым Ұлттық жасанды интеллект платформасымен біріктіріліп, мемлекеттік цифрлық өнімдерді әзірлеу мен енгізудің негізгі элементі болады. Платформа деректер жиынтығын, есептеу ресурстарын, жасанды интеллект модельдерін әзірлеуге, оқытуға арналған құралдарды қамтиды. Оның негізінде мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуді жеңілдетуге әрі мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған жасанды интеллект агенттердің 11 прототипі әзірленді», - деді министрлік өкілі.

Білім беру

«Astana Hub» технопаркінің бас директоры Дания Ахметованың айтуынша, «Industrial AI Accelerator» бағдарламасы аясында тау-кен өндірісі, энергетика, медицина, қаржы технологиялары және мемлекеттік қызметтер салаларында жасанды интеллектіні енгізуге 27 жоба іске қосылған. Бағдарламаға 116 компания өтінім беріп, 32 компания іріктеуден өтіп отыр. Олардың ішінде 4 жобаның тиімділігі дәлелденіп, қолдануға ұсынылып отыр.

Ал адам капиталын дамыту мақсатында министрлік алдағы 5 жылда 1 млн адамды

жасанды интеллектімен жұмыс істеу дағдыларына үйретуді жоспарлап отыр. Бұл бағытта «Alem.ai» халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылып, онда білім беру, зерттеу, стартаптарды қолдау бағытындағы жобалар жүзеге асырылады.

Бүгінде Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «Astana Hub»-пен бірлесіп, еліміздің азаматтарын цифрлық болашаққа дайындауға маңызды қадамдар жасап жатыр. Жасанды интеллектіні дамыту бағытында елімізде қолға алынған маңызды бастамалардың бірі – «Decentrathon» деп аталатын ірі көлемді хакатон. Бұл – еліміздің түкпір-түкпірінен келген жас мамандарды біріктіретін көп локациялы технологиялық жарыс.

«Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесе отырып, жасанды интеллектімен жұмыс істеу дағдыларына 1 миллион отандасымызды оқытуды жоспарлап отыр. 5 жыл ішінде 500 мың мектеп оқушысы, 300 мың студент, 90 мың мемлекеттік қызметкер, 80 мың бизнес өкілі мен түрлі салалардағы азаматтар қамтылмақ. Мақсат – технологияларды тек тұтынатын емес, оларды жасай алатын, қолдана білетін ұрпақ қалыптастыру», - дейді Д.Ахметова.

Айтолған Жүнісхан
Дереккөз: <https://egemen.kz/>



JASANDY INTELEKT: JAŇA STRATEGIA, INFRAQŪRYLYM, ADAM KAPITALY

Elımızde jasandy intellekt salasyn damytuǵa baǵyttalǵan keşendı ıś-şaralar qolǵa alynyp jatyr. Bül turaly Sıfırlıq damu, innovasialar jáne aeroǵaryş önerkäsıbı ministrlıǵı üiymdastyrǵan baspasöz mäslıhatynda aityldy. Is-şaraǵa Jasandy intellekt jáne innovasialardy damytu komitetiniń tóraǵasy Ğızzat Baitürsynov, «Astana Hub» tehnoparkınıń bas direktory Dania Ahmetova qatysty.



Alty baǵytty qamtidy

2024-2029 jyldarǵa arnalǵan jasandy intellektini damytu tūjyrymdamasy alty negizgi baǵytty qamtidy: derekter, infraqūrylym, adam kapitaly, ğylymi zertteuler, qūyqytyq retteu, akselerasialyq baǵdarlamalar. Qazır bül tūjyrym damany űlttyq strategiyaǵa ainaldyru jūmystary жүргizilip jatyr.

«Memleket bassysynyń tıkelei tapsyrmasy men jasandy intellekt ekojūiesın qalyptastyru – bilim beru, ğylymi zertteuler, infraqūrylym, normativtik-qūyqytyq baza, käsıpperlik syndy birneşe ırı komponentti qamtidy. Bız jasandy intellektini damytudyń keşendı tāsılın űstanyp otyrmyz: mektep oquşylarynan bastap memlekettik qyzmetşilerge deingı barlyq deńgeide adam kapitalyn damytyp, әlemdik deńgeidegi infraqūrylymdy qūrudamyz», dedı Ğ. Baitürsynov.

Ministrlik ökiliniń baıandauynşa, 2024 jyldyń 27 säuirinde Ŭkımettiń №342 qaulysy boıynşa ministrlik janynan Jasandy intellekt jáne innovasialardy damytu komiteti qūrylǵan. Bül organ saladaǵy naqty ister men strategialyq şeşimderdi űilestiretin ortalyq qūrylym.

Sondai-aq Mäjilis deputattary «Jasandy intellekt turaly» zań jobasyn daiyndaǵan. Qūjat jasandy intellekt jūielerin āzirleu men engızudi keşendı türde retteuge baǵyttalǵan. Onda memlekettiń salalyq saiasatynyń šekarasy belgilenip, Jİ jūieleriniń qauıpsızdıǵı, aşıqtyǵy jáne jauapkerşılıǵı jönindegi űstanymdar aiqyn körsetilgen. Sonymen qatar atalǵan tehnologialardy qoǵam ómiriniń tūrly salalaryna etikalyq ārı baqylanatyn türde endiru joldary qarastyrylǵan.



Іnфрақұрылым мен технологиялық даму

Министрлік жасанды интелект үшін технологиялық инфрақұрылымды құру шеңберінде «NVIDIA» есептеу қуаттарын ел аумағына экспорттауға өтінім берген. Сонымен қатар «NVIDIA L40s» арнайы графикалық видеокарталары сатып алынyp, олар «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жұмыс істеп тұрған деректерді өңдеу орталығында орналастырылған. Бұл ресурстар «KazLLM» қазақ үлкен тілдiк modeline негiзделген мемлекеттік өнімдерді орналастыруға пайдаланылады.

«KazLLM» моделі 148 миллиард токeннен тұратын көптілдi деректер жиынтығында оқытылған. Modelдің 8 және 70 миллиард параметрлі екі нұсқасы әзірленген.

«Дамып келе жатқан суперкомпьютерлік инфрақұрылым Ұлттық жасанды интелект платформасымен біріктіріліп, мемлекеттік сифрлық өнімдерді әзірлеу мен енгізудің негiзгi элементі болady. Platforma деректер жиынтығын, есептеу ресурстарын, жасанды интелект modelдерін әзірлеуге, оқытуға арналған құралдарды қамтиды. Оның негiзінде мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуді жеңілдетуге әрі мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған жасанды интелект агенттердің 11 прототипі әзірленді», деді министрлік өкілі.

Білім беру

«Astana Hub» технопarkінің бас директоры Дания Ахметованың айтуынша, «Industrial AI Accelerator» бағдарламасы аясында тау-кен өндірісі, энергетика, медицина, қаржы технологиялары және мемлекеттік қызметтер салаларында жасанды интелекті енгізуге 27 қанатқақты жоба іске қосылған. Бағдарламаға 116 компания өтінім беріп, 32 компания іріктеуден өтіп отыр. Олардың ішінде 4 жобаның тиімділігі дәлелденіп, қолдануға ұсынылып отыр.

AI адам капиталын дамыту мақсатында министрлік алдағы 5 жылда 1 млн адамды жасанды интелектпен жұмыс істеу дағдыларына үйретуді жоспарлап отыр. Бұл бағытта «Alem.ai» халықаралық жасанды интелект орталығы құрылып, онда білім беру, зерттеу, стартаптарды қолдау бағытындағы жобалар жүзеге асырылады.

Бүгінде Сифрлық даму, инновасиялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «Astana Hub»-

pen бірлесіп, еліміздің азаматтарының сифрлық болашаққа дайындауға маңызды қадамдар жасап жатыр. Жасанды интеллектті дамыту бағытында елімізде қолға алынған маңызды бастамалардың бірі – «Decentrathon» деп аталатын ірі көлемді hackaton. Бұл – еліміздің түкпір-түкпірінен келген жас мамандарды біріктіретін көп локальді технологиялық жарыс.

«Сифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі» министрлігі Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесе отырып, жасанды интеллектпен жұмыс істеу дағдыларына 1 миллион отандасмызды оқытуды жоспарлап отыр. 5 жыл ішінде 500 мың мектеп оқушысы, 300 мың студент, 90 мың мемлекеттік қызметкер, 80 мың бизнес өкілі мен түрлі салалардағы азаматтар қамтылмақ. Мақсат – технологияларды тек түйнатын емес, оларды жасау алатын, қолдана білетін ұрпақ қалыптастыру», деді D.Ahmetova.

Aitolған Jünışhan

Derekköz: <https://egemen.kz/>



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Жасанды интеллект – жаһандық бәсекенің жаңа алаңы. Бұл салада алпауыт мемлекеттер ілгері қадам жасап, технологиялық үстемдікке ұмтылып жатқаны белгілі. Елімізде де ЖИ-ге қатысты нақты әрі жүйелі бастамалар көтеріліп жатыр. Мемлекеттік деңгейде институционалдық негіз қаланып, ұзақмерзімді стратегия әзірленді. Алайда жасанды интеллект бәрін жасайды деген шындық па, қиял ма? Оны қай салада қалай пайдалану керек?



Суперкомпьютердің көмегі орасан

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев мырзаның айтуынша, еліміз жасанды интеллект саласын стратегиялық бағыт ретінде айқындап отыр.



– Қазіргі таңда жасанды интеллект саласын жүйелі дамыту үшін кешенді жұмыс жүргізудеміз. Ең әуелі институционалдық негіз құрылды. Атап айтқанда, жасанды интеллектті дамыту жөніндегі комитет жұмысын бастады. Сонымен қатар 2029 жылға дейінгі тұжырымдаманы бекіттік. Ендігі кезекте ұлттық стратегия дайындалып жатыр. Бұл құжат жасанды интеллекттің елдегі барлық салаға енуін қамтамасыз етеді.

Халықаралық тәжірибе де ескерусіз қалмайды. Осы мақсатта Президент тапсырмасымен жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңес құрылды. Кеңес құрамына әлемдік деңгейдегі сарапшылар тартылып, еліміздегі жобаларға бағыт-бағдар береді, – дейді министр.

«Жасанды интеллект туралы» заң жобасы да әзірленіп жатыр. Оның негізгі мақсаты – этикалық нормаларды белгілеу, ЖИ өнімдерін айқындайтын арнайы таңбалар енгізу, саланың терминологиясын нақтылап, әрі қарай дамуына негіз болу. Жаслан Мәдиевтің айтуынша, бұл заң технологияның дамуына кедергі келтірмеуі керек.

– Мемлекет жасанды интеллект өнімдерін жасауды емес, әзірлеушілерге қажетті инфрақұрылым мен жағдай жасап беруді өз міндетіне алады. Яғни университеттерге, стартаптарға, зерттеу орталықтарына, мемлекеттік органдарға – бәріне тең мүмкіндік берілуге тиіс. Ол үшін алпауыт елдермен келіссөз жүргізіліп, шетелдік дата-орталықтарда отандық «GPU»-кластерлер орналастырылды. Назарбаев университетімен бірлесіп қазақ тілінде алғашқы ірі тілдік модель «KazLLM» жасалды. 70 миллиард параметрден және 40 миллиард токеннен тұратын модель желтоқсан айында таныстырылады.

Жасанды интеллектіні дамытуда адам капиталы – басты ресурс. Сол себепті алдағы бес жылда кемінде 1 миллион адамды осы саладағы негізгі біліммен, дағдымен қамту жоспарланып отыр. Оның ішінде 500 мың оқушы, 300 мың студент, 90 мың мемлекеттік қызметкер, 80 мың корпоративтік сектор өкілі және 30 мың түрлі сала маманы бар. Бұл «Аi sana» деп аталатын ұлттық бағдарлама аясында жүзеге асады. Ал Астанадағы ЭКСПО аумағы толықтай ЖИ экожүйесіне бейімделіп жатыр. Мұнда халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылады.

Банк нарығындағы белес

Жасанды интеллект қазір қаржы саласында маңызды құралға айналды. Ол бизнес барысын жеңілдетуге мүмкіндік беріп отыр. ЖИ-ді алғаш болып жүйелі түрде қолға алғандардың бірі – «Halyk Bank».



– Біздің банкте жасанды интеллект күнделікті жұмыстың бір бөлігіне айналды. Оны жай технология ретінде емес, тұтынушыға ыңғайлы, пайдалы қызмет ұсынатын құрал ретінде қарастырамыз. Осы мақсатта 50-ге жуық ірі компанияның топ-менеджерлеріне

арнайы семинарлар өткізіп, шетелдік сарапшылардың қатысуымен ЖИ-ді дұрыс қолдану жолдарын көрсеттік. Қазір банктің үшжылдық цифрлық стратегиясы толықтай жасанды интеллектіге негізделген. Біз әр клиенттің қалауы мен әдетіне сай қызмет ұсынамыз. Біреу телефонмен сөйлескенді қалайды, біреу «Telegram» қолданады. Біздің жүйе осыны ескеріп, дәл сол уақытта, дәл сол арна арқылы ұсыныс жасайды. Бұл – гипер-персонализация әдісі.

Сондай-ақ банк ішінде де үдеріс ЖИ арқылы оңтайландырылып жатыр. Мысалы, код жазу, тексеру, техникалық құжаттар дайындау – бәрі енді бірнеше сағатта орындалады. Бұрын бұл жұмыс апталап созылатын. Қызметкерлерге де ЖИ көмектеседі. Тұтынушылардың өміріндегі жағдайына бейімделген қызметтер де бар. Мысалы, шетелге шыққанда роуминг ескертуі, бала дүниеге келгенде сақтандыру ұсынысы, карта мерзімі біткенде қайта шығару туралы ескерту келіп отырады, – дейді банк өкілі Нариман Мұқышев.

ЖИ-агенттің жөні бөлек

Елімізде жасанды интеллект мемлекеттік басқару жүйесінде де кеңінен қолданылып келеді. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі әзірлеп жатқан Ұлттық жасанды интеллект платформасы мемлекеттік қызметті автоматтандырудың жаңа кезеңіне жол ашпақ. Вице-министр Дмитрий Мунның айтуынша, алдағы екі-үш жылда әрбір отандасымызға жасанды интеллект агенті қолжетімді болады.



– Қазіргі таңда ұлттық жасанды интеллект платформасы тәжірибелік режимде іске қосылды. Платформада мемлекеттік органдар мен әзірлеушілер өз ЖИ-агенттерін қауіпсіз ортада жасап, сынақтан өткізіп, әрі қарай оларды нақты қызметтерге енгізе алады. Біздің мақсат – 2025 жылдың соңына дейін кемінде 50 ЖИ-агентті іске қосу. Бұл 7 миллионнан астам азаматтың уақытын үнемдеуге көмектеседі. Біз ең күрделі және жиі кездесетін мемлекеттік қызметті сараптап, оларды жасанды интеллект арқылы автоматтандыру жолдарын қарастырып жатырмыз. Қазірдің өзінде 12 агент дайын. Мысалы, «eGov» көмекшісі 75% дәл жұмыс істейді. Оны миллионнан астам азамат пайдаланып көрді. Медицина саласында дәрігердің қабылдауын автоматты

түрде жазып отыратын жүйе іске қосылды. Сонымен қатар салық, кеден, инвестиция саласына арналған көмекшілер де әзірленіп жатыр. Олар қарапайым тілде кеңес береді. «e-Otinish»-ке келіп түсетін өтініштерді қарап, заңнамалық баптарды автоматты түрде сәйкестендіретін жүйені де енгіздік. Жылына 3 миллион өтініш түсетінін ескерсек, бұл үлкен жүктемені жеңілдетуге көмектеседі, – дейді Дмитрий Мун.

ЖИ мұғалімді ауыстыра алмайды

Жасанды интеллект ең күрделі салалардың бірі білімге де еніп отыр. Алайда білім беру жай ғана технология енгізіп қоя салатын сала емес. Мұнда баланың отбасылық жағдайы, өскен ортасы, психологиялық ерекшеліктері секілді факторлар әсер етеді. Сондықтан білім саласының сарапшысы Нұрлан Қиясовтың айтуынша, «ЖИ білім саласына төңкеріс әкеледі» деген жарнамалық ұрандар мен стартаптардың ұсынған шешімдеріне сақтықпен қараған жөн.

«Білім саласында «ЖИ бәрін шешеді» деген ұран көп. Бірақ ашық айтайын, бұл шындыққа жанаспайды. Себебі білім саласы ең күрделі жүйелердің бірі. Мұнда әр оқушы – бірегей тұлға. Сан түрлі фактор әсер еткен ортада бір ғана алгоритммен нәтижеге жету мүмкін емес. Кейінгі он жылда онлайн оқу, цифрлық платформалар енгізілді. Бірақ олар негізгі мәселені – білім сапасын жақсартуды шеше алмады. Зерттеулерге сенсек, цифрлық технологиялар енгізілген мектептердің 95%-ында оқушылардың білім деңгейі жақсармаған, керісінше төмендеген. Сонда біз не үшін интернет қосып, құрылғы сатып алып жатырмыз?

Мен үш басты мәселені айтқым келеді:

Бірінші, мектептер арасындағы теңсіздік. Қалалық, ауылдық, қазақ, орыс, ұлттық мектептер арасындағы алшақтық өте үлкен. Атырау облысындағы бір ауыл мектебінің 8-сынып оқушысы мен ең үздік қалалық мектептің 5-сынып оқушысы бір деңгейде. Яғни ауыл баласы үш жыл артта келеді. Бірақ біздегі білім саясаты бұған жеткілікті көңіл бөлмей отыр.

Екінші, функционалды сауатсыздық. Түлектердің 60%-ы ақпаратты өмірде қолдана алмайды. Олар мәтінді оқығанмен, логикалық қорытынды жасауға икемсіз. Қарапайым тапсырманы шешуге қиналады. Бұл – болашақта жұмыссыздар мен қажетсіз мамандықтар саны артады деген сөз. Өйткені білім тек жаттауға негізделген. Ал дамыған елдерде оқыту жобалық және зерттеуге негізделеді. Бізге де осы бағытқа көшу қажет.

Үшінші, қаржыны тиімсіз пайдалану. Мектептерге, университеттерге миллиардтап қаржы бөлінеді. Бірақ нәтиже қайда? Оқыту сапасы, қылмыс деңгейі, әлеуметтік өмірге әсері – ешбірі өзгермейді. Себебі бұл қаражат жай ғана игеріліп жатыр. Жасанды интеллект осы үш мәселені шешуге көмектесе алады. Бірақ ол үшін жүйелі, дәлелденген әдіс-тәсіл керек. Бүгінгі мектеп болашақтың жұмыс нарығына бейімделген түлектерді тәрбиелеуі керек. ЖИ-мен жұмыс істеу – артықшылық емес, қажеттілікке айналады. Бірақ жасанды интеллект мұғалімнің орнын баспауы қажет. Мұғалім ЖИ-ді түсінуі, қолдануы, модельдеуді үйренуі қажет», дейді сарапшы.

2029 жылдан бастап «PISA» оқушылардың ЖИ сауаттылығын да бағалай бастайды. Бұл – еліміз үшін үлкен сын. Әлем елдері қазірдің өзінде әрекет етіп жатыр. Мысалы, АҚШ ЖИ пәнін мектеп бағдарламасына енгізді. Эстония мұғалімдерді қайта даярлау

бойынша ауқымды бағдарлама қабылдады. Қытай 200 мектепте ЖИ пәнін міндетті етіп енгізді. Ресей бағдарламалау пәнінің орнына ЖИ мен роботтехниканы оқыта бастады.

– Елімізде «EdTech» стартаптар мектепке кіре алмай отыр. Себебі біз мұғалім еңбегін толық түсінбейміз, мұғалімге құрал ұсынбас бұрын оның жұмыс жүктемесі мен сабақты қалай өткізетінін түсінуіміз керек. Мұғалім әр оқушыға бейімдеп оқытады. Ал ЖИ оқушының көзіне қарап, түсінген-түсінбегенін сезе алмайды. Бірақ ЖИ мұғалімнің жүктемесін азайта алады. Сабақ жоспарын құрастырады, тест дайындайды, бағалау жүргізеді, құжат толтырады.

Ең басты кедергі дерек сапасы. ЖИ сапалы әрі құрылымдалған дерекпен ғана жұмыс істей алады. Әкімшілік деректер мен оқу деректер жиынтығын өңдеп, талдай алсақ, шынайы ЖИ-көмекші жасауға болады.

Елімізге жасанды интеллектіні мектеп жүйесіне енгізу үшін бес бағытта жұмыс істеу керек:

Басқару және нормативтік база – жүйені дұрыс реттеу.

Мұғалімді дамыту – қайта даярлау, оқыту.

Қосымша білім беру – «EdTech» компанияларын тарту.

Бағалау жүйесін өзгерту – бес балдық бағалау емес, дағды мен нәтиже өлшемі.

Инфрақұрылым – интернет, құрылғы, сапалы платформа.

ЖИ мұғалімді ешқашан алмастырмайды. Ол – көмекші. Бірақ тек дұрыс қолданылғанда ғана пайда береді. Әйтпесе, білім жүйесі тағы да сол бір шексіз реформалардың құрбаны болып қала беруі мүмкін, – дейді.

Медицинаны цифрландыру жайы мәз емес

Жасанды интеллект денсаулық сақтау саласына да қарқынды енгізілуде. Бірақ елімізде бұл үдерістің өз ерекшелігі бар. Цифрлық жүйелер енгізілгенімен, тиімділігі мен сапасы жиі сынға ұшырап жатады. Цифрландырудың шынайы пайдасы туралы, сондай-ақ медицинадағы жасанды интеллектінің әлеуеті мен қазіргі қиындығы жөнінде «Galamat Group» холдингінің негізін қалаушы, дәрігер әрі кәсіпкер Сейтжан Сыпабеков пікір білдірді.



– Алдын алу шараларында жасанды интеллектінің маңызы ерекше. Қазір бұл еш талқylanбайтын, мойындалған факт. ЖИ негізінде көптеген шешім қабылданады. Айталық, әлемдік деңгейдегі алғашқы отандық ЖИ жобасы – «Cern». Бұл – елімізде жасалған, халықаралық медициналық қауымдастық мойындаған алғашқы ЖИ өнімі. Дегенмен елдегі цифрландырудың қазіргі ахуалы күрделі. Қолданыстағы МӘМС жүйесінің мәселесі шешілмей тұр. Мысалы, сіз дәрігерге қаралмасаңыз да, емханаға барып, дәрігер қабылдауынан өтіп жүр деп тіркелген жағдай жиі кездеседі. Бұл – жүйенің ашық еместігінің көрінісі.

Ауыл-аймақтарда ахуал тіпті ауыр. Аймақтардағы жағдайды ескерсек, цифрландыру немқұрайды түрде ғана жүреді. Жасанды интеллектіге қатысты стартаптардың 95 пайызы болашақта пайдасыз болады. Неге? Өйткені бұл жобалар архитектуралық және қолданбалы жағынан әлсіз. Акселерациядан өткен кей жобалар шын мәнінде мәселені шешпейді, тек көрінгенді көшіреді. Бұны акселерациялық бағдарламаларға қатысқан кезде байқадым.

Елімізде цифрландыру бойынша шешілмеген үш негізгі мәселе бар. Бірінші, дәрігерлік «ID» мен бірыңғай электрондық база жоқ. Мен хирург-дәрігер бола тұра, шетелде жолаушыға көмек көрсетпек болғанда, электрондық түрде «мен дәрігермін» дегенді растайтын құжат жоқ болғандықтан, көмегім қабылданбады. Яғни цифрлық дәрігерлік құжаттар жүйесі жоқ.

Екіншіден, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры – елдегі барлық денсаулық сақтау жүйесінің негізіне айналған. Мысалы, бір қалада жылына 5000 катаракта операциясы жүргізіледі. Бірақ бұл 5000 операцияны кім, қандай критериймен қай клиникаға береді? Бұл шешімді небәрі 2-3 адам қабылдайды. Ашықтық жоқ. Ал инвестор өз қаржысына озық клиника салып, шетелдік мамандарды оқытып, заманауи жабдық алса да, оған 75-ақ операциялық квота бөлінеді. Мұндай әділетсіздік жүйені әлсіретіп тұр.

Үшіншіден, жабдық сатып алуда ашықтық жоқ. Мысалы, компьютерлік томография немесе МРТ жабдығын сатып алу бойынша шешімді маман емес, адам қабылдайды. Нәтижесінде, артық ақша шығындалып, бюджет тиімсіз жұмсалады. Егер ЖИ негізіндегі ұлттық регистр жасап, әр өңірдің статистикасын нақты есептесек, қандай жабдық қай аймаққа тиімді екенін автоматты түрде анықтап отыруға болар еді. Бұл миллиардтаған теңге үнемдеуге мүмкіндік береді.

Біздің мақсат – ЖИ арқылы жүйелік шешімдер қабылдай алатын, сервистік медицинаны дамыту. Бірақ бұл тек технологиямен шешілмейді. Оған дерек, ашықтық және адами факторды азайту қажет, – дейді

Дереккөз: <https://egemen.kz/>

JASANDY INTELEKT QALAI JŪMYS ISTEİDİ?

Jasandy intellekt – jahandyq bāsekeniñ jaña alańy. Būl salada alpauyt memleketter ılgery qadam jasad, tehnologialyq űstemdikke űmtylyp jatqany belgili. Elimizde de Jİ-ge qatysty naqty ārı jūieli bastamalar kōterilip jatyr. Memlekettik deńgeide institusionaldyq negız qalanyp, űzaqmerzımdı strategia āzırlendı. Alaida jasandy intellekt bārın jasaıdy degen űyndyq pa, qial ma? Ony qai salada qalai paidalanu kerek?



Superkōmpüterdiñ kōmegi orasan

Sifrlyq damu, innovasialar jāne aeroğaryş űnerkāsıby ministrı Jaslan Mādievtiñ aituynşa, elimiz jasandy intellekt salasyn strategialyq bağyt retinde aiqyndap otyr.



– Qazırgı tańda jasandy intellekt salasyn jūieli damytu űşın keşendi jūmys jūrgızudemız. Eñ āueli institusionaldyq negız qūryldy. Atap aitqanda, jasandy intellektini damytu jōnındeги komitet jūmysyn bastady. Sonymen qatar 2029 jylğa deıngi tūjyrymdamany bekıttık. Endıgi kezekte űlttyq strategia daiyndalyp jatyr. Būl qūjat jasandy intellektiniñ eldeги barlyq salağa enuin qamtamasyz etedi. Halyqaralyq tājiribe de eskerusız qalmaidy. Osy maqsatta Prezident tapsyrmasy men jasandy intellektini damytu jōnındeги keñes qūryldy. Keñes qūramyna ālemdik deńgeideги sarapşylar tartylyp, elimizdeги jobalarğa bağyt-bağdar beredi, – deidi ministr.

«Jasandy intellekt turaly» zañ jobasy da äzirlenip jatyr. Onyñ negızgı maqsaty – etikalyq normalardy belgileu, JI önınderin aiqyndaıtyn arnaiy tañbalar engızu, salanyñ terminologia-syn naqtylap, äri qaraı damuyna negız bolu. Jaslan Mädievtiñ aıtuynşa, bül zañ tehnologianyñ damuyna kedergı keltırmeuı kerek.

– Memleket jasandy intellekt önınderin jasaudy emes, äzirleuşılerge qajetti infraqurylym men jaǵdai jasap berudi öz mindetine alady. İaǵni universitetterge, startaptarǵa, zertteu ortalyqtaryna, memlekettik organdarǵa – bärine teñ mümkindik beriluge tiis. Ol üsin alpauyt eldermen kelissöz jürgizilip, şeteldik data-ortalyqtarda otandyq «GPU»-klasterler ornalasty-ryldy. Nazarbaev universitetimen birlesip qazaq tilinde alǵaşqy ırı tıldık model «KazLLM» jasaldy. 70 milliard parametrden jäne 40 milliard tokennen tūratyn model jeltoqsan айында tanystyrylady.

Jasandy intellektinı damytuda adam kapitally – basty resurs. Sol sebepti aldaǵy bes jylda keminde 1 million adamdy osy saladaǵy negızgı bilimnen, daǵdymen qamtu josparlanyp otyr. Onyñ işinde 500 myñ oquşy, 300 myñ student, 90 myñ memlekettik qyzmetker, 80 myñ korporativtik sektor ökilı jäne 30 myñ túrlı sala mamany bar. Bül «Ai sana» dep atalatyn ulttyq baǵdarlama aiasynda júzege asady. Al Astanadaǵy EKSPÖ aumaǵy tolyqtai JI ekojüiesine beıimdelip jatyr. Mūnda halyqaralyq jasandy intellekt ortalyǵy qūrylady.

Bank naryǵyndaǵy beles

Jasandy intellekt qazır qarjy salasynda mañyzdy qūralǵa ainaldy. Ol biznes barysyn jeñildetuge mümkindik berip otyr. JI-dı alǵaş bolyp júieli türde qolǵa alǵandardyñ bırı – «Halyk Bank».



– Bızdın bankte jasandy intellekt kündelikti jümystyñ bir bölıgine ainaldy. Ony jai tehnologia retinde emes, tütynuşyǵa yñǵaily, paidaly qyzmet üsynatyn qūral retinde qarastyramyz. Osy maqsatta 50-ge juyq ırı kompanianyñ top-menejerlerine arnaiy seminarlar ötkızıp, şeteldik sarapşylardyñ qatysuymen JI-dı dūrys qoldanu joldaryn körsettik. Qazır banktiñ üşjyldyq sifrlyq strategiasy tolyqtai jasandy intellektige negızdelgen. Bız är klienttiñ qalauy men ädetine sai qyzmet üsynamyz. Bireu telefonmen söileskendı qalaidy, bireu «Telegram» qoldanady. Bızdın jüie osyny eskerip, däl sol uaqytta, däl sol arna arqyly üsynys jasaidy. Bül – giperpersonalizasia ädisi.

Sondai-aq bank ıshinde de üderıs Jİ arqyly oñtailandyrylyp jatyr. Mysaly, kod jazı, tekseru, tehnikalyq qūjattar daiyndau – bārı endı birneşe saġatta oryndalady. Būryn bұл jūmys aptalap sozylatyn. Qyzmetkerlerge de Jİ kōmektesedı. Tūtynuşylardyñ ömirindeġı jaġdaiyna beıımdelgen qyzmetter de bar. Mysaly, şetelge şyqqanda rouming eskertuı, bala dūniege kelgende saqtandyru ūsynysy, karta merzımı bitkende qaita şyġaru turaly eskertu kelıp otıradı, –deıdı bank ökılı Nariman Mūqyşev.

Jİ-agenttiñ jōnı bōlek

Elımızde jasandy intelekt memlekettık basqaru jūiesinde de keñinen qoldanylyp keledı. Sıfrlyq damu, innovasialar jāne aeroġaryş önerkāsıbı ministrlıġı āzırlep jatqan Ūlttyq jasandy intelekt platformasy memlekettık qyzmetti avtomattandyrudıñ jaña kezeñine jol aşpaq. Vise-ministr Dmitri Munnyñ aituyńşa, aldaġy eki-üş jylda ārbır otandasymyzġa jasandy intelekt agentı qoljetımdı bolady.



– Qazırgı tañda ūlttyq jasandy intelekt platformasy täjiribelık rejimde ıske qosyldı. Platformada memlekettık organdar men āzırleuşıler öz Jİ-agentterın qauıpsız ortada jasap, synaqtan ötkızıp, ārı qarai olardy naqty qyzmetterge engıze alady. Bızdıñ maqsat – 2025 jyldıñ soñyna deın keminde 50 Jİ-agentti ıske qosu. Bұл 7 millionnan astam azamatıñ uaqytyn ünemdeuge kōmektesedı. Bız eñ kürdeli jāne jii kezdesetin memlekettık qyzmetti saraptap, olardy jasandy intelekt arqyly avtomattandyru joldaryn qarastyryp jatyrmyz. Qazırdıñ özinde 12 agent daiyn. Mysaly, «eGov» kōmekşısı 75% dāl jūmys isteıdı. Ony millionnan astam azamat paidalanyp kōrdı. Medisina salasında dārıgerdıñ qabyldauyn avtomatty türde jazyp otyratyn jūie ıske qosyldı. Sonymen qatar salyq, keden, investisia salasyna arnalġan kōmekşiler de āzırlep jatyr. Olar qarapaiym tilde keñes beredı. «e-Otinish»-ke kelıp tüsetin ötinışterdı qarap, zañnamalyq baptardy avtomatty türde säikestendıretin jūienı de engızdıq. Jylyna 3 million ötinış tüsetinin eskersek, bұл ūlken jüktemenı jeñildetuge kōmektesedı, – deıdı Dmitri Mun.

Jı mūğalımdı auystyra almaidy

Jasandy intelekt eñ kürdeli salalaryñ bırı bılınge de enıp otyr. Alaida bılım beru jai ğana tehnologia engızıp qoia salatyn sala emes. Mūnda balanyñ otbasylyq jaǵdaiy, ósken ortasy, psihologialyq erekşelikteri sekildi faktorlar áser etedi. Sondyqtan bılım salasynyñ sarapşysy Nūrlan Qiasovtyñ aituynşa, «Jı bılım salasyna tōñkeris ákeledi» degen jarnamalyq ūrandar men startaptardyñ ūsynǵan şeşimderine saqtyqpen qaraǵan jōn.

«Bılım salasynda «Jı bärin şeşedi» degen ūran köp. Bıraq aşıyq aitaıyn, bül şyndyqqa janaspaidy. Sebebi bılım salasy eñ kürdeli júielerdiñ bırı. Mūnda ár oquşy – biregei tūlǵa. San túrly faktor áser etken ortada bır ğana algoritmmen nátijege jetu mǔmkın emes. Keiingi on jylda onlain oqu, sifrlıy platformalar engızıldı. Bıraq olar negızgı mäselenı – bılım sapasyn jaqsartudy şeşe almady. Zertteulerge sensek, sifrlıy tehnologicalar engızılgen mektepterdiñ 95%-ynda oquşylardyñ bılım deñgei jaqsarmaǵan, kerisınşe tōmendegen. Sonda bız ne ūşın internet qosyp, qūrylǵy satyp alyp jatyrmyz?

Men ūş basty mäselenı aitqym keledi:

Bırınşı, mektepter arasyndaǵy teñsızdıq. Qalalyq, auylıdyq, qazaq, orys, ūlttyq mektepter arasyndaǵy alşaqtyq öte ūlken. Atyrau oblysyndaǵy bır auyl mektebiniñ 8-synyp oquşysy men eñ ūzdık qalalyq mekteptiñ 5-synyp oquşysy bır deñgeide. İaǵni auyl balasy ūş jyl artta keledi. Bıraq bızdegi bılım saiasaty būǵan jetkilikti kōñil bölmei otyr.

Ekınşı, funksionaldy sauatsyzdyq. Tūlekterdiñ 60%-y aqparatty ömirde qoldana almaidy. Olar mätindı oqyǵanmen, logikalyq qorytyndy jasaūa ikemsız. Qarapaiym tapsyrmany şeşuge qinalady. Bül – bolaşaqta jūmysyzdar men qajetsız mamandyqtar sany artady degen söz. Öitkenı bılım tek jattaūa negızdelgen. Al damyǵan elderde oqytu jobalyq jāne zertteuge negızdeledi. Bızge de osy baǵytqa kōşu qajet.

Ūşınşı, qarjyny tiımsız paidalanu. Mektepterge, universitetterge milliardtap qarjy bölinedi. Bıraq nátije qaida? Oqytu sapasy, qylmys deñgei, äleumettik ömirge äseri – eşbiri özgermeidi. Sebebi bül qarajat jai ğana igerilip jatyr. Jasandy intelekt osy ūş mäselenı şeşuge kōmektese alady. Bıraq ol ūşın júieli, дәleldengen әdis-tәsil kerek. Būgingı mektep bolaşaqtyñ jūmys naryǵyna beıimdelgen tūlekterdi tärbieleui kerek. Jı-men jūmys isteui – artyqşylyq emes, qajettilikke ainalady. Bıraq jasandy intelekt mūğalımnıñ ornyn baspauy qajet. Mūğalım Jı-dı tūsınui, qoldanuy, modeldeui üirenuı qajet», deidi sarapşy.

2029 jyldan bastap «PISA» oquşylardyñ Jı sauattylyǵyn da baǵalai bastaidy. Bül – elimiz ūşın ūlken syn. Älem elderi qazırdıñ özinde әreket etip jatyr. Mysaly, AQŞ Jı pänin mektep baǵdarlamasyna engızdı. Estonia mūğalımderdı qaita daiarlau boıynşa auqymdy baǵdarlama qabyldady. Qytai 200 mektepte Jı pänin mindetti etip engızdı. Resei baǵdarlamalau päniniñ ornyna Jı men robottehnika oqyta bastady.

– Elimizde «EdTech» startaptar mektepke kire almaı otyr. Sebebi bız mūğalım eñbegin tolyq tūsınbeimiz, mūğalınge qūral ūsynbas būryn onyñ jūmys jüktemesi men sabaqty qalai ötkizetin tūsınımız kerek. Mūğalım ár oquşyǵa beıimdep oqytady. Al Jı oquşynyñ kōzine qarap, tūsingen-tūsınbegenin seze almaidy. Bıraq Jı mūğalımnıñ jüktemesin azaita alady. Sabaq josparyn qūrastyrady, test daiyndaidy, baǵalau жүргizedi, qūjat tolyrady.

Eñ basty kedergi derek sapasy. Jı sapaly әri qūrylymdalǵan derekpen ğana jūmys isteı alady. Äkimşilik derekter men oqu derekter jiyntyǵyn öñdep, taldai alsaq, şynaiy Jı-kōmekşı jasaūa bolady.

Elimizge jasandy intelektini mektep júiesine engizu ūşın bes baǵytta jūmys isteui kerek:

1. Basqaru jäne normativтік baza – jüieni dūrys retteu.
2. Mūğalımdı damytu – qaita daiarlau, oqytu.
3. Qosymşa bilim beru – «EdTech» kompanialaryn tartu.
4. Baғalau jüiesın özgertu – bes baldyq baғalau emes, dağdy men nätije ölsemı.
5. İnfraqūrylym – internet, qūrylğy, sapaly platforma.

Jı mūğalımdı eşqaşan almastyрмаidy. Ol – kömekşı. Bıraq tek dūrys qoldanylğanda ğana paida beredi. Äitpese, bilim jüiesı tağy da sol bır şeksiz reformalardyñ qūrbany bolyp qala beruı mümkün, – deidi.

Medisinany sifrlandyru jaiy mäs emes

Jasandy intellekt densaulyq saqtau salasyna da qarqyndy engizilip jatyr. Bıraq elimizde bül üderistñ öz erekseligi bar. Sifrlıyq jüieler engizilgenimen, tıımdılığı men sapasy jıı syñğa üşyrıp jatady. Sifrlandyrudıñ şynaiy paidasy turaly, sondai-aq medisinadağy jasandy intellektinñ äleueti men qazırğı qiyndyğy jöninde «Galamat Group» holdiñiniñ negızın qalauşy, däriger äri käsipker Seitjan Sytabekov pikir bildirdi.



– Aldyn alu şaralarynda jasandy intellektinñ mañyzy erekse. Qazır bül eş talqylanbaityn, moiındalğan fakt. Jı negızinde köptegen şeşim qabyldanyp jatyr. Aitalyq, älemdik deñgeidegi alğaşqy otandyq Jı jobasy – «Cern». Bül – elimizde jasalğan, halyqaralyq medisinalyq qauymdastyq moiındağan alğaşqy Jı önimi. Degenmen eldegi sifrlandyrudıñ qazırğı ahualy kürdeli. Qoldanystağy MÄMS jüiesinñ mäselesı şeşilmei tür. Mysaly, siz därigerge qaralmasañyz da, emhanağa baryp, däriger qabyldauynan ötıp jür dep tırkelgen jağdai jıı kezdesedi. Bül – jüieniñ aşyq emestiginiñ körinisi.

Auyl-aimaqtarda ahual tıptı auyr. Aimaqtardağy jağdaidy eskersek, sifrlandyru nemqūraidy türde ğana jürıp jatyr. Jasandy intellektige qatysty startaptardyñ 95 paiyzy bolaşaqta pai-dasyz bolady. Nege? Öitkeni bül jobalar arhitekturalyq jäne qoldanbaly jağynan älsiz. Akselerasiadan ötken kei jobalar şyn mäninde mäseleñi şeşpeidi, tek köringendi köşiredi. Būny akselerasialyq baғdarlamalarğa qatysqan kezde baiqadym.

Elimizde sifrlandyru boıynşa şeşilmegen üş negızgı mäsele bar. Bırınşı, därigerlik «ID»

men bıryñǵai elektrondyq baza joq. Men hirurg-däriger bola tūra, şetelde jolauşyǵa kömek körsetpek bolǵanda, elektrondyq türde «men därigermin» degendi rastaityn qūjat joq bolǵandyqtan, kömegim qabyldanbady. İaǵni sifrlyq därigerlik qūjattar jüiesi joq.

Ekınşıden, äleumettik medisinalyq saqtandyru qory – eldegı barlyq densaulyq saqtau jüiesinıñ negızine ainalǵan. Mysaly, bır qalada jylyna 5000 katarakta operasiasy жүргiziledi. Bıraq bұл 5000 operasiany kım, qandai kriterimen qai klinikaǵa beredi? Bұл şeşimdi nebäri 2-3 adam qabyldaıdy. Aşyqtyq joq. Al investor öz qarjysyna ozyq klinika salyp, şeteldik mamandardy oqytyp, zamanauı jabdyq alsa da, oǵan 75-aq operasialyq kvota bölinedi. Mündai ädiletisizdik jüieni älsiretip tür.

Üşinşiden, jabdyq satyp aluda aşyqtyq joq. Mysaly, kömpüterlik tomografia nemese MRT jabdyǵyn satyp alu boıynşa şeşimdi mamam emes, adam qabyldaıdy. Nätijesinde, artyq aqşa şyǵyndalyp, büdjet tiımsız jümsalady. Eger JI negızindegi ülttyq registr jasap, är öñirdiñ statistikasyn naqty esepesek, qandai jabdyq qai aimaqqa tiımdı ekenin avtomatty türde anyqtap otyruǵa bolar edi. Bұл milliardtaǵan teñge ünemdeuge мүmkındik beredi.

Bızdıñ maqsat – JI arqyly jüielik şeşimder qabyldai alatyn, servistik medisinary damytu. Bıraq bұл tek tehnologiamen şeşilmeidi. Oǵan derek, aşyqtyq jäne adami faktordy azaitu qajet, – deidi

Derekköz: <https://egemen.kz/>



ТҮРКИЯДА НҮРҒИСА ТІЛЕНДИЕВТІҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫ ТОЙЛАНДЫ



Түркияның астанасында Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойына орай ТҮРКСОЙ ұйымы аясындағы еске алу жылының ашылу рәсімі өтті.

Іс-шараға ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Сұлтан Раев, Қазақстанның Түркиядағы Елшісі Еркебұлан Сәпиев, Анкара музыка және өнер университетінің ректоры, Түркі әлемі өнер университеттері кеңесінің басшысы Ерхан Өзден, Қазақстаннан арнайы келген өнерпаздар, дипломаттар, депутаттар мен қандастарымыз қатысқан. Ашылу салтанаты Анкараның атақты «Түркі әлемі» музыка тобының Нұрғиса Тілендиев шығармаларын орындауымен бастау алған. Одан әрі қонақтар композитордың фотокөрмесінің тұсауын кесіп, Н.Тілендиев мемориалды музейінің ғылыми қызметкері Нұрмұхан Шаймерденов келген қонақтарға ұлы күйшінің өнер және өмір жолын таныстырған.

«Нұрғиса Тілендиевтің музыкасы бізге тек өнердің биігін көрсетіп қана қоймай, еліміздің мәдениетіне және ұлттық бірегейлігіне деген сүйіспеншілікті арттырады. Оның елі үшін сіңірген еңбегі ұрпақтан-ұрпаққа үлгі болып қалары сөзсіз», - деді Қазақстанның Түркиядағы Елшісі Еркебұлан Сәпиев

ТҮРКСОЙ Бас хатшысы С.Раев Нұрғиса Тілендиевтің тек қазақ жұртына ғана емес, бүкіл түркі әлеміне белгілі тұлға болғанын алға тартқан. Қазақстаннан арнайы келген Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының директоры Ақан Әбдуәли, Н.Тілендиев атындағы академиялық фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінің күйшісі Арсен Тұрсын, Анкарадағы қазақ студенттерінен құралған «Отау» ансамблі композитордың керемет шығармаларын орындап, іс-шараға ерекше атмосфера сыйлады. Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылы Әзербайжанда өткен ТҮРКСОЙ ұйымына мүше елдердің Мәдениет министрлерінің 40-шы тұрақты кеңесі қорытындысы бойынша 2025 жыл Н.Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойына орай ТҮРКСОЙ ұйымы аясындағы ұлы композиторды еске алу жылы болып жарияланған болатын.

Қымызы Жұмағалиқызы
Дереккөз: <https://egemen.kz/>

КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНДА ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯ ЕЛДЕРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ІІ КІШІ ҚҰРЫЛТАЙЫ ӨТТІ



2025 жылғы 5-6 сәуір аралығында «Qazaq Nomad» қазақ қауымдастығының ұйымдастыруымен және ҚР Корея Республикасындағы Елшілігі мен «Отандастар қоры» КеАҚ қолдауымен Корея Республикасының Сеул қаласында Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі қазақтардың ІІ кіші Құрылтайы өтті. Құрылтайға Корея, Малайзия, Жапония, Қытай және Моңғолия елдерінен 200-ге жуық отандастарымыз қатысты. Құрылтайдың ашылуынан бастап, әр отырысында Қазақстан мен шетелдегі қазақтардың мәдени, экономикалық және рухани ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған түрлі мәселелер кеңінен талқыланды. Құрылтай аясында қазақ кітаптары мен қолөнерші, суретші Ақмарал Бахитованың ұлттық нақышта салынған картиналар көрмесі ұйымдастырылды. Бұл көрме қазақтың дәстүрлі мәдениетін насихаттауға және ұлттық өнердің ерекшеліктерін шетелдік көрермендерге таныстыруға бағытталған ерекше шара болды. Көрме қонақтары қазақтың бай мәдени мұрасын өнер туындылары арқылы тереңірек танып, ұлттық өнердің заманауи интерпретацияларына куә болды.

Құрылтайдың ашылуында ҚР Корея Республикасындағы Елшісі Арыстанов Нұрғали Алмасбайұлы, «Отандастар қоры» КеАҚ президенті Данияр Қадыров және Сеулдегі «Qazaq Nomad» қазақ қауымдастығының өкілі Жанесенов Турлан сөз сөйледі.

Елші өз сөзінде құрылтайдың шетелдегі қазақ мәдениетін дамытудағы маңыздылығын ерекше атап өтті. Ол қазақ диаспорасының мәдени бірлігін нығайту, ұлттық құндылықтарды сақтау және келешек ұрпаққа жеткізу жолындағы осындай іс-шаралардың маңызды екенін тілге тиек етті.



Сонымен қатар құрылтайдың Қазақстан мен Корея арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға қосатын үлесі зор екенін атап өтіп, алдағы уақытта қазақ диаспорасы өкілдерімен бірлесіп жүзеге асырылатын мәдени жобаларға қолдау білдіретінін жеткізді.

Данияр Қадыров құрылтайдың басты мақсаты – шетелдегі отандастармен байланысты арттырып, бірлікті нығайту екенін айтты. Ол Отандастар Қорының шетелдегі отандастарды қолдау бойынша жүзеге асырып жатқан жобалары туралы баяндап, Қазақстанның әлемдік деңгейде танылуы жолындағы мәдени бастамалардың маңыздылығына тоқталды.



Жанесенов Турлан өз сөзінде Кореядағы қазақ жастарының бірлігін арттыруға бағытталған жобалар туралы айтып, құрылтайдың шетелде ұлттық мәдениетті сақтап қалудағы маңыздылығына тоқталды.

Құрылтайдың бірінші күні қазақ мәдениетін насихаттау, ұлттық дәстүрлерді шетелде сақтау және экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша пленарлық отырыстар өтті.

Светлана Айтбаева – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әнші, өз сөзінде қазақтың зергерлік өнерінің байлығын, оның рухани мәдениеттегі рөлін жан-жақты талдады. Ол ұлттық зергерлік бұйымдардың көркемдік және әлеуметтік маңызына тоқталып, оларды заманауи дизайнда қолданудың жаңа әдістерін ұсынды.

Айгерим Мусагажинова – Этнограф, ғалым, «Қазақтың бірегей тағамдары» кітабының авторы. Айгерим Мусагажинова қазақтың дәстүрлі тағамдарының ерекше қасиеттері туралы баяндама жасап, қазақтың ас мәзірін сақтаудың маңызды екенін атап өтті. Ол ұлттық тағамдарды заманауи тағам мәдениетіне енгізу арқылы қазақтың дәстүрлі аспаздық өнерін насихаттаудың тиімді жолдарын ұсынды.

Сон Ён Хун (Son Young-Hoon) – Хангук шет тілдер университетінің Орталық Азиятану кафедрасының профессоры. Өз сөзінде қазақ тілі кафедрасының ашылуы қазақ мәдениетін зерттеу мен насихаттауда маңызды рөл атқаратынын ерекше атап өтті. Профессор Сон кафедраның ашылу тарихымен бөлісе отырып, қазақ тілін үйренуге қызығушылық танытқан студенттердің жетістіктерін де атап өтті. Оның айтуынша, Хангук шет тілдер университетінің студенттері қазақ тілін меңгеру барысында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуде. Бұл студенттер тек тіл үйреніп қана қоймай, қазақтың мәдениетін, әдебиетін және салт-дәстүрлерін де терең игеруге ұмтылады.

Абзал Арықбаев – «Тұран» этно-фольклорлы ансамблі негізін қалаушысы, Арқайым тобының мүшесі, QSANDYQ музыкалық қосымшасының арт-директоры. Ол қазақ этно-музыкасын заманауи форматта насихаттау қажеттілігі туралы айтып, қазақ күйлері мен дәстүрлі әуендерді мобильді қосымша арқылы көпшілікке жеткізудің жаңа мүмкіндіктерін ұсынды.

Жұбаныш Жексенұлы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қазақтың музыкалық мұрасын сақтау және дамыту бағытындағы жобалары туралы баяндама жасап, дәстүрлі әндердің мәдени-рухани құндылығын атап өтті.

Данияр Кельбетов – АХҚО Қаржы өнімдері жөніндегі бас директор, Басқарма мүшесі. Данияр Кельбетов Қазақстанның креативті экономикасын дамытуға арналған жобалар туралы баяндама жасап, шетелдік инвесторлармен серіктестікті арттыру жолдарын ұсынды. Ол АХҚО-ның халықаралық қаржы орталығы ретіндегі рөлін атап өтіп, Қазақстандағы креативті индустрияның жаһандық нарыққа ену мүмкіндіктерін талқылады.

Маржан Қадырова – Малайзиядағы қазақ орталығы өкілі, әлеуметтік медиадағы мазмұнды модерациялау бойынша топ жетекші. Маржан Қадырова цифрлық маркетинг саласындағы тәжірибесімен бөлісіп, шетелдегі қазақ қауымдастығының әлеуметтік желілер арқылы байланысын нығайту жолдарын атап өтті. Ол Малайзиядағы қазақ диаспорасының бірігуіне бағытталған әлеуметтік медиа жобалары туралы баяндады.

Ким Юрий – «SoftBox» дыбыстау және дубляж студиясының негізін қалаушы. Ким Юрий медиа индустриясындағы қазақ мәдениетін таныту мәселелеріне тоқталып, дубляж саласындағы заманауи тәжірибелермен бөлісті. Оның пікірінше, қазақ мәдени өнімдерін халықаралық нарыққа шығару арқылы ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттауға болады.



Құрылтай аясында «Отандастар қоры» КеАҚ пен ҚР Корея Республикасындағы Елшілігінің ұйымдастыруымен алғаш рет шетелде қазақ тілінің шешендік сайысы өтті.

Хангук шет тілдер университетінің жеті студенті қатысып, екі елдің мәдениеті, салт-дәстүр ұқсастықтары мен Абай шығармашылығы туралы мазмұнды баяндамалар жасады.

Сайыстың қазылар алқасына Қазақстанның халық әртісі Қанат Айтбаев төрағалық етті.

Бірінші орынды Хангук шет тілдер университетінің 2-курс студенті **Ли Со Ён** жеңіп алды.

«Мәдениет саласында жақынырақ болу үшін жиі кездесіп, сөйлесу керек деп ойлаймын. Мен қазақ тілін жақсы үйреніп, екі ел арасында жақсы қарым-қатынас жасауға үлес қосқым келеді,» - деді Ли Со Ён.

Шешендік сайыс жеңімпазы Ли Со Ёнға Air Astana мен Rana қонақүйлер желісінің демеушілік етуімен Сеул-Алматы-Сеул бағыты бойынша ұшақ билеті және еліміздің туристік орындарында орналасқан қонақүй ваучері табысталды.

Бұл сыйлық Ли Со Ёнға Қазақстанға барып, қазақ тілін одан әрі жетілдіруге және еліміздің мәдениетімен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді.



Құрылтайдың екінші күні Наурыз мерекесі кең көлемде атап өтілді.

Мерекелік шара барысында ашық алаңда Отандастар қорының «Қоржын» жобасы аясында Кореядағы отандастарға сыйға тартылған алты қанатты киіз үйі орнатылды. Киіз үйдің жанында ұлттық киімдер мен суреттер көрмесі қойылып, қазақтың дәстүрлі мәдениеті кеңінен насихатталды. Киіз үйдің көрінісі мен ұлттық нақыштағы заттар мерекеге жиналған көпшіліктің ерекше қызығушылығын тудырды.

Наурыз мерекесі аясында қазақтың дәстүрлі ойындары да ойнатылды. Құрылтай қонақтары асық ату, арқан тарту, ләңгі тебу және тоғызқұмалақ сияқты ұлттық ойындарға белсене қатысып, қазақтың дәстүрлі спорттық ойындарын ерекше ықыласпен қабылдады.

Мереке аясында танымал этнограф, Айгерим Мусагажинованың жетекшілігімен «Қазақтың дарқан дастарқаны» атты шеберлік сағаты өтті. Іс-шара барысында шетелде алғашқы рет қазақтың дәстүрлі тағамдарының бірі – түйе сүтінен жасалған балқаймақтың тұсаукесері өтті. Қатысушылар балқаймақтың дәмін татып, қазақтың бай аспаздық мәдениетіне тәнті болды. Айгерим Мусагажинова қазақ халқының дәстүрлі тағамдарының ерекшеліктері туралы баяндап, ұлттық тағамдарды дайындау мәдениетін заманауи тұрғыда насихаттаудың маңыздылығына тоқталды.

Наурыз мерекесінің мерекелік концерті де ерекше әсерлі өтті. Пусаннан келген қазақ студенттері мен жергілікті өнерпаздар халық әндері мен күйлерді орындап, мерекелік кештің рухын көтерді. Концерттің көркін ашқан өнер ұжымы – Қазақстаннан арнайы келген «Арқайым» нео-этно-фольк тобы болды. Арқайым тобы ЮНЕСКО мұрасына енген Ортеке аспабында өнер көрсетті.



Сонымен қатар белгілі әншілер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Жұбаныш Жексенұлы, Қанат пен Светлана Айтбаевтар өз өнерлерін ортаға салып, қазақ әуендері көпшіліктің жүрегінде ерекше әсер қалдырды.



Құрылтай шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерімен мәдени және экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға, қазақтың ұлттық құндылықтарын дәріптеуге және болашақта бірлескен жобаларды жүзеге асыруға серпін берді.

Бұл құрылтай шетелдегі қазақ қауымдастығының бірлігін арттырумен қатар, қазақ мәдениетін халықаралық деңгейде насихаттау мен экономикалық серіктестікті дамытуға арналған маңызды қадам болды. Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі қазақ диаспорасының мәдени және экономикалық байланыстарын нығайту мақсатында бірқатар жобалар талқыланды.

*Дереккөз: ҚР “Отандастар қоры” КЕАҚ
<https://oq.gov.kz>*

KOREIA RESPUBLİKASYNDA OŇTÜSTİK-ŞYĖYS AZIA ELDERI QAZAQTARYNYŇ II KIŞI QŪRYLTAIY ÖTTI



2025 jylǵy 5-6 säuir aralyǵynda «Qazaq Nomad» qazaq qauymdastyǵynyŇ üiymdastyruymen jáne QR Koreia Respublikasyndaǵy Elshılıǵı men «Otandastar qory» KeAQ qoldauymen Koreia RespublikasynyŇ Seul qalasynda Oñtüstik-Şyǵys Azia elderindeǵı qazaqtardyŇ II kışı Qūryltaiy ötti. Qūryltaiǵa Koreia, Malaizia, Japonia, Qytai jáne Moñǵolia elderinen 200-ge juyq otandastarymyz qatysty. QūryltaidyŇ aşyluynan bastap ár otyrysynda Qazaqstan men şeteldeǵı qazaqtardyŇ mädeni, ekonomikalyq jáne ruhani yntymaqtastyǵyn nyǵaituǵa baǵyttalǵan túrlı mäseleler keñinen talqylandy. Qūryltai aiasynda qazaq kıaptary men qolönerşı, suretşı Aqmaral BahitovanyŇ últyq naqyştı salynǵan kartinalar körmesı üiymdastyryldy. Bұл körme qazaqtyŇ дәstürlı mädenietın nasihattauǵa jáne últyq önerdiŇ erekşelikterin şeteldik köremenderge tanystyruǵa baǵyttalǵan erekşe şara boldy. Körme qonaqtary qazaqtyŇ bai mädeni mūrasyn öner tuyndylary arqyly tereñirek tanyp, últyq önerdiŇ zamanauı interpretasialaryna kuä boldy.



Құрылтайдың ашылуында QR Korea Respublikasyндағы Елшісі Arystanov Nūrğali Almasbaiұлы, «Отандастар қоры» KeAQ президенті Daniar Qadyrov және Seulдегі «Qazaq Nomad» қазақ қауымдастығының өкілі Janesenov Turlan сөз сөйледі.

Елші өз сөзінде құрылтайдың шетелдегі қазақ мәдениетін дамытудағы маңыздылығын ерекше атап өтті. Ол қазақ диаспорасының мәдени бірлігін нығайту, ұлттық құндылықтарды сақтау және келешек ұрпаққа жеткізу жолындағы осындай іс-шаралардың маңызды екенін тілге тиек етті.

Sonymen qatar, құрылтайдың Qazaqstan men Korea arasyндағы мәдени байланыстарды нығайтуға қосатын үлесі зор екенін атап өтіп, алдағы уақытта қазақ диаспорасы өкілдерімен бірлесіп жүзеге асырылатын мәдени жобаларға қолдау білдіретінін жеткізді.

Daniar Qadyrov құрылтайдың басты мақсаты – шетелдегі отандастармен байланысты арттырып, бірлікті нығайту екенін айтты. Ол Отандастар Қорының шетелдегі отандастарды қолдау бойынша жүзеге асырып жатқан жобалары туралы байандап, Qazaqstannyң әлемдік деңгейде танылуы жолындағы мәдени бастамалардың маңыздылығына тоқталды.



Janesenov Turlan өз сөзінде Koreiadaғы қазақ жастарының бірлігін арттыруға бағытталған жобалар туралы айтп, құрылтайдың шетелде ұлттық мәдениетті сақтап қалудағы маңыздылығына тоқталды.

Құрылтайдың бірінші күні қазақ мәдениетін насихаттау, ұлттық дәстүрлерді шетелде сақтау және экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша пленарлық отырыстар өтті.

- Svetlana Aitbaeva – Qazaqstannyң еңбек сіңірген қайраткері, әнші, өз сөзінде қазақтың зергерлік өнерінің бәйлігін, оның рухани мәдениеттегі ролын жан-жақты талдады. Ол ұлттық зергерлік бұйымдардың көркемдік және әлеуметтік маңызына тоқталып, оларды заманауи дизайнға қолданудың жаңа әдістерін ұсынды.

- Aigerim Musagajinova – Etnograf, ғалым, «Qazaқтың бірегей тағамдары» кітабының авторы. Aigerim Musagajinova қазақтың дәстүрлі тағамдарының ерекше қасиеттері туралы байанды жасап, қазақтың ас мәзірін сақтаудың маңызды екенін атап өтті. Ол ұлттық тағамдарды заманауи тағам мәдениетіне енгізу арқылы қазақтың дәстүрлі аспаздық өнерін насихаттаудың тиімді жолдарын ұсынды.

- Son Ōn Hun (Son Young-Hoon) – Hanguk шет тілдер университетінің Орталық Азиятану кафедрасының професоры. Өз сөзінде қазақ тілі кафедрасының ашылуы қазақ мәдениетін зерттеу

men nasihatanda maңызdy röl atqaratynyn erekşe atap ötti. Profesor Son kafedраның ашылу тарихымен бөлісе отырып, қазақ тілін үйренуге қызығушылық танытқан студенттердің жетістіктерін де атап өтті. Оның айтуынша, Hanguk шет тілдер университетінің студенттері қазақ тілін меңгеру барысында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуде. Бұл студенттер тек тіл үйреніп қана қоймай, қазақтың мәдениетін, әдебиетін және салт-дәстүрлерін де терең игеруге ұмтылады.

- Abzal Aryqbaev – Тұран etno-фольклорлы ансамблінің қалаушысы, Arqaiym тобының мүшесі, QSANDYQ музыкалық қосымшасының art-директоры. Ол қазақ etno-музыкасын заманауи форматта насихаттау қажеттілігі туралы айтып, қазақ күйлері мен дәстүрлі әуендерді мобилді қосымша арқылы көпшілікке жеткізудің жаңа мүмкіндіктерін ұсынды.

- Jūbanyş Jeksenūly – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қазақтың музыкалық мұрасын сақтау және дамыту бағытындағы jobалары туралы баяндама жасап, дәстүрлі әндердің мәдени-рухани құндылығын атап өтті.

- Daniar Kelbetov – AHQO Qarjы önıмдері jönіндегі бас директор, Basqarma мүшесі. Daniar Kelbetov Қазақстанның креативті экономикасын дамытуға арналған jobalar туралы баяндама жасап, шетелдік инвесторлармен серіктестікті арттыру жолдарын ұсынды. Ол AHQO-ның halyqаралық qarjы орталығы ретіндегі рөлін атап өтіп, Қазақстандағы креативті индустрияның jahandyq naryqqa enu мүмкіндіктерін talqylady.

- Marjan Qadyrova – Malaiziadaғы қазақ орталығы өкілі, әлеуметтік mediadaғы mazmūndy moderasialau бойынша top jetekші. Marjan Qadyrova sifrlыq marketiң salasyndaғы tājiribesimen bölісіп, шетелдегі қазақ qauymdastyғының әлеуметтік jelіler арқылы bailanysyn nyğaitu жолдарын атап өтті. Ол Malaiziadaғы қазақ diasporасының bırıguine baғыttalған әлеуметтік media jobалары туралы баяндады.

- Kim İuri – «SoftBox» dybystau және dublāj studiasynyң negızın qalaушы. Kim İuri media indустriasыndaғы қазақ мәдениетін тanytu мәselelerine toqtalып, dublāj salasyndaғы заманауи tājiribelermen bölісті. Оның пікірінше, қазақ мәдени önıмдерін halyqаралық naryqqa шығару арқылы ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттауға болady.





Qūryltai aiasynda «Otandastar qory» KeAQ pen QR Koreia Respublikasyndaǵy Elshılıǵınıń űiymdastyruymen alǵaş ret şetelde qazaq tılınıń şeşendik saiysy ötti.

Hanguk şet tilder universitetiniń jetı studentı qatysyp, ekı eldiń mädenietı, salt-dästür űqsastyqtary men Abai şyǵarmaşylyǵy turaly mazmūndy baiandamalar jasady.

Saiystyń qazylar alqasyna Qazaqstannyń halyq ärtisi Qanat Aitbaev tōraǵalyq etti.

Bırınşı oryndy Hanguk şet tilder universitetiniń 2-kurs studentı Li So Ön jeńip aldy.

“Mädeniet salasynda jaqynyraq bolu űşın jii kezdesip, söilesu kerek dep oilaimyn. Men qazaq tılın jaqsy űirenip, ekı el arasynda jaqsy qarym-qatynas jasauǵa űles qosqym keledi,” - dedi Li So Ön

Şeşendik saiys jeńimpazy Li So Öńa Air Astana men Pana qonaqūiler jelisiniń demeuşılık etuimen Seul-Almaty-Seul baǵyty boiynşa űşaq bileti jāne elimizdiń turistik oryndarynda ornasqan qonaqūi vaucherı tabystaldy.

Būl syilyq Li So Öńa Qazaqstanǵa baryp, qazaq tılın odan äri jetildiruge jāne elimizdiń mädenietimen jaqynyraq tanysuǵa mūmkındık beredi.



Qūryltaidyñ екінші күні Nauryz merekesi keñ kölemde atap ötildi.

Merekelik şara barysynda aşyq alańda Otandastar qorynyñ «Qorjyn» jobasy aiasynda Koreiadağy otandastarğa syıǵa tartylǵan alty qanatty kiiz üi ornatyldy. Kiiz üidin janynda ūlttyq kimder men suretter körmesi qoiylyp, qazaqtyñ дәstürlı mädenietı keñinen nasihattaldy. Kiiz üidin körimisi men ūlttyq naqystağy zattar merekege jinalǵan köpshiliktiñ erekşe qyzyǵuşylyǵyn tudyrdy.

Nauryz merekesi aiasynda qazaqtyñ дәstürlı ойындары da oinatylды. Qūryltai qonaqtary asyq atu, arqan tartu, lāngı jāne toǵyzqūmalaq siaqty ūlttyq ойындарға belsene qatysyp, qazaqtyñ дәstürlı sportyq ойындарын erekşe yqylaspen qabyldady.

Mereke aiasynda tanymal etnograf, Aigerim Musagajinovanyñ jetekshılıǵımen «Qazaqtyñ darqan dastarqany» atty шеберлік саǵаты ötti. Is-şara barysynda şetelde alǵaşqy ret qazaqtyñ дәstürlı taǵamdarynyñ bırı – tüie sütinen jasalǵan balqaimaqtyñ tūsaukeseri ötti. Qatysuşylar balqaimaqtyñ dāmın tatyp, qazaqtyñ bai aspazdyq mädenietine täntı boldy. Aigerim Musagajinova qazaq halqynyñ дәstürlı taǵamdarynyñ erekшелikleri turaly baıandap, ūlttyq taǵamdardy daiyndau mädenietin zamanauı tūrǵyda nasihattaudyñ mañyzdylyǵyna toqtaldy.

Nauryz merekesiniñ merkelik konsertı de erekşe әserli ötti. Pusannan kelgen qazaq studentteri men jergilikti önerpazdar ūlttyq әnder men küilerdi oryndap, merkelik keştiñ ruhyn köterdi. Konserttiñ körkın aşqan öner üjymy – Qazaqstannan arnaiy kelgen «Arqaiym» neo-etno-folk toby boldy. Arqaiym toby ŪNESCO mūrasyna engen Orteke aspabynda öner көrsetti.



Sonymen qatar, belgili әnşiler, Qazaqstannyñ eñbek sıñırǵan qairatkerleri Jūbanys Jeksenūly, Qanat pen Svetlana Aitbaevtar öz önerlerin ortaǵa salyp, qazaq әuenderi көpshiliktiñ jüreginde erekşe әсер qaldyrdy.



Құрылтай шетелдегі қазақ diasпорасы өкілдерімен мәдени және экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға, қазақтың ұлттық құндылықтарын дәріптеуге және болашақта бірлескен жобаларды жүзеге асыруға серпін берді.

Бұл құрылтай шетелдегі қазақ қауымдастығының бірлігін арттырумен қатар, қазақ мәдениетін халықаралық деңгейде насихаттау мен экономикалық серіктестікті дамытуға арналған маңызды қadam болды. Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі қазақ diasпорасының мәдени және экономикалық байланыстарын нығайту мақсатында бірқатар жобалар талқыланды.

***Дереккөз: QR “Отандастар қоры” KEAQ
<https://oq.gov.kz>***



ӨЗБЕКСТАНДА ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІ МЕН МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ НАСИХАТТАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭТНОТУРИЗМ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Өзбекстан Республикасының Науаи облысы, Кенимех ауданына қарасты Жаңақазған елдімекенінде халықаралық этнотуризм фестивалі өтті.

Фестивальге Еуропаның 10-нан астам елінен, сондай-ақ Үндістан мен Аустралиядан 220-дан аса шетелдік турист қатысты. Шара барысында этноауыл құрылып, қазақ және қарақалпақ этностарының дәстүрлі тұрмысы, мәдениеті мен қолөнері таныстырылды.



Қонақтар киіз үймен, ұлттық тағамдармен және салт-дәстүр элементтерімен танысты. Сондай-ақ көрме-жәрмеңкеде жергілікті шеберлердің бұйымдары ұсынылды.





Гүлдана Нарынбетова, журналист, Шетелдегі қазақтілді БАҚ Қауымдастығының мүшесі: *Қазақ халқы «Өткенге қарап, келешекті түзе» дейді. Осындай фестивальдер – ұлттық рухтың оянып, келешекке нық қадам басудың айғағы. Алдағы уақытта Жаңақазған елдімекеніне ресми түрде этноауыл мәртебесі берілуі жоспарланып отыр. Бұл – ел мен жерге деген сүйіспеншіліктің, мәдени мұраға деген құрметтің нақты көрінісі. Жаңақазған – ертеңі зор, рухы биік, мәдениеті бай мекен. Бұл елді мекеннің ертеңі де, мәртебесі де асқақ болары хақ. Себебі, мұнда тарих сөйлейді, салт-сана тірі. Осындай бастамалар арқылы ұлттық мәдениетіміздің мәңгілік боларына сенеміз.*



Фестиваль Кенимех ауданы әкімдігі мен Науаи облыстық туризм басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, алдағы уақытта Жаңақазған елдімекеніне этноауыл мәртебесі беріліп, ішкі және халықаралық туризм орталығына айналуы жоспарланып отыр.

«Отандастар қоры» КЕАҚ Баспасөз қызметі

Дереккөз: Гүлдана Нарынбетова, журналист, Өзбекстан Республикасы

ÖZBEKSTANDA QAZAQTYŇ SALT-DÄSTÜRI MEN MÄDENİ QÜNDYLYQTARY NASIHATTALĞAN HALYQARALYQ ETNOTURİZM FESTİVALI ÖTTİ

Özbekstan Respublikasynyň Nauai oblysy, Kenimeh audanynda qarasty Jaňaqazğan eldimekeninde halyqaralyq etnoturizm festivalı ötti.

Festivälge Europanyň 10-nan astam elinen, sondai-aq Ündistan men Australiadan 220-dan asa şeteldık turis qatysty. Şara barysynda etnoauyl qūrylyp, qazaq jāne qaraqalpaq etnostarynyň dästürlı tūrmysy, mādenietı men qolōnerı tanystyryldy.



Qonaqtar kiız üimen, ūlttyq tağamdarmen jāne salt-dästür elementterimen tanysty. Sondai-aq, körme-järmeñkede jergılıktı şeberlerdīñ būiymdary ūsynyldy.





Güldana Narynbetova, jurnalis, Şeteldegi qazaqtıldı BAQ Asosiasiasynyñ müşesi:

Qazaq halqy «Ötkenge qarap, keleşektı tüze» deıdı. Osyndai festivälder – ülttyq ruhtyñ oıanyp, keleşekke nyq qadam basudyñ aiğaqy. Aldaqy uaqytta Jañaqazğan eldımekenine resmi türde etnoauyl statusy berıluı josparlanyp otyr. Bül – el men jerge degen süıspenşılıktıñ, mädeni mūrağa degen qūrmettiñ naqty körınısı. Jañaqazğan – erteñi zor, ruhy biik, mädenietı bai meken. Bül eldı mekenniñ erteñi de, mäртеbesi de asqaq bolary haq. Sebebi, mūnda tarih söileidi, salt-sana tırı. Osyndai bastamalar arqyly ülttyq mädenietimizdiñ mäñgılık bolaryna senemiz.



Festiväl Kenimeh audany äkımdıgı men Nauai oblystyq turizm basqarmasynyñ qoldauymen üiymdastyryldy. Üiymdastyruşylardyñ mälımetinşe, aldaqy uaqytta Jañaqazğan eldımekenine etnoauyl mäртеbesi berılıp, ıskı jäne halyqaralyq turizm ortalyğyna ainaluy josparlanyp otyr.

“Otandastar qory” KEAQ Baspasöz qyzmeti
Derekköz: Güldana Narynbetova, jurnalis, Özbekstan Respublikasy

**وزبه كستاندا قازاقتىڭ سالت-ءداستۇرى مەن مادەني قۇندىلىقتارى ناسيحاتتالغان
حالىقارالىق ەنتوتۇرىزم فەستيۋالى ءوتتى**

وزبەكستان رەسپۇبليكاسىنىڭ ناۋاي وبلىسى، كەنىمەح اۋدانىنا قاراستى جاڭاقازغان ەلدىمەكەنىندە حالىقارالىق ەنتوتۇرىزم فەستيۋالى ءوتتى. فەستيۋالگە ەۋروپانىڭ 10-نان استام ەلىنەن، سونداي-اق ءۇندىستان مەن اۋستراليادان 220-دان اسا شەتەلدىك تۇرىست قاتىستى. شارا بارسىندا ەتئاۋىل قۇرىلىپ، قازاق جانە قازاقالپاق ەنتوستارىنىڭ ءداستۇرلى تۇرمىسى، مادەنيەتى مەن قولونەرى تانىستىرىلدى.

قوناقتار كىز ۇيمەن، ۇلتتىق تاعامدارمەن جانە سالت-ءداستۇر ەلەمەنتتەرىمەن تانىستى. سونداي-اق، كورمە-جارمەڭكەدە جەرگىلىكتى شەبەرلەردىڭ بۇيىمدارى ۇسىنىلدى.

گۇلدانا نارىنبەتوۋا، جۇرنالىست، شەتەلدەگى قازاقتىلدى باق اسسوتسياتسياسىنىڭ مۇشەسى: قازاق حالقى «وتكەنگە قاراپ، كەلەشەكتى تۇزە» دەيدى. وسىندا فەستيۋالدىر - ۇلتتىق رۇحتىڭ ويانىپ، كەلەشەككە نىق قادام باسۋدىڭ ايعاعى. الداعى ۋاقىتتا جاڭاقازغان ەلدىمەكەننە رەسمى تۇردە ەتئاۋىل ستاتۇسى بەرىلۋى جوسپارلانىپ وتىر. بۇل - ەل مەن جەرگە دەگەن سۇيىسپەنشلىكتىڭ، مادەني مۇراعا دەگەن قۇرمەتتىڭ ناقتى كورىنىسى. جاڭاقازغان - ەرتەڭى زور، رۇحى بىلىك، مادەنيەتى باي مەكەن. بۇل ەلدى مەكەننىڭ ەرتەڭى دە، مارتەبەسى دە اسقاق بولارى حاق. سەبەبى، مۇندا تارىخ سويلەيدى، سالت-سانا ءتىرى. وسىندا باستامالار ارقىلى ۇلتتىق مادەنيەتتىمىزدىڭ ماڭگىلىك بولارىنا سەنەمىز.

فەستيۋال كەنىمەح اۋدانى اكىمدىگى مەن ناۋاي وبلىستىق تۇرىزم باسقارماسىنىڭ قولداۋىمەن ۇيىمداستىرىلدى. ۇيىمداستىرۋشىلاردىڭ مالىمەتىنشە، الداعى ۋاقىتتا جاڭاقازغان ەلدىمەكەننە ەتئاۋىل مارتەبەسى بەرىلىپ، شىكى جانە حالىقارالىق تۇرىزم ورتالىعىنا اينالۋى جوسپارلانىپ وتىر.

«وتانداستار قورى» كە ە ا ق باسپاسوز قىزمەتى

دەرەككوز: گۇلدانا نارىنبەتوۋا، جۇرنالىست، وزبەكستان رەسپۇبليكاسى

«ОТАНДАСТАР ҚОРЫ» ӨКІЛДЕРІ ТАШКЕНТТЕ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ ІІІ ДИАСПОРА ЖАСТАРЫ ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ



2025 жылғы 16-18 маусым күндері Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында Түркі мемлекеттері ұйымының ІІІ Диаспора жастары форумы өтті. «Шекарасыз мұра: болашақты қалыптастыратын диаспораның жас көшбасшылары» тақырыбындағы форумға Қазақстан атынан «Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының өкілдері қатысты.

Форумның бас ұйымдастырушылары – Өзбекстан Республикасының Жастар ісі агенттігі және Мәдениет министрлігі жанындағы Ұлтаралық қатынастар және шетелдік елдермен достық байланыстар комитеті.

Жиынға Түркия, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Венгрия, Франция және Германияда тұратын түркі диаспорасының жас көшбасшылары қатысты. Форум аясында қатысушылар мәдени ынтымақтастық, жастар саясаты және диаспораларды қолдау саласындағы тәжірибелерімен бөлісті.

Ашылу салтанатында Өзбекстан Республикасы Ұлтаралық қатынастар және шетелдік елдермен достық байланыстар комитеті төрағасының орынбасары Олим Нарзуллаев, Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшы орынбасары Өмер Кожаман сөз сөйлеп, форумның маңыздылығын ерекше атап өтті.

Сессияда «Отандастар қоры» КеАҚ баспасөз хатшысы Алжан Шарипов екі ел арасындағы этникалық жақындық пен мәдени ықпалдастықты атап өтіп, мынадай ұсыныс айтты:

«Өзбекстанда 1 миллионнан астам қазақ, ал Қазақстанда 600 мыңнан аса өзбек тұрады. Олар – екі ел арасындағы бауырластық көпірі. Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы ынтымақтастықты арттыра отырып, мен ТМҰ жас сарапшылар мектебін құруды ұсынамын. Жас сарапшылар мемлекетаралық байланысты дамытуға тың идеялар мен нақты шешімдер ұсынаатынына сенемін».

Форум барысында өткен екіжақты кездесулерде «Отандастар қоры» КЕАҚ өкілдері шетелдегі қазақ жастарын қолдау, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық жобаларды бірлесіп іске асыру мәселелерін талқылады. Қазақстанда жоғары білім алуға ниетті этникалық қазақтарға арналған білім гранттары, жеңілдіктер мен қолдау шаралары туралы кең ауқымды ақпарат ұсынылды.

Форумға қатысушылар тек сөз жүзінде ғана емес, болашаққа нақты идеялар мен ұсыныстар ұсынды. Түркі елдерінен келген делегаттар өз елдеріндегі диаспора саясаты, жастардың әлеуетін арттыру бағытындағы тәжірибелерімен бөлісті. Әсіресе, Әзербайжан, Түркия, Түрікменстан, Венгрия, Қырғызстан өкілдері жастар ұйымдарының табысты жобаларын таныстырды.

Форум қорытындысы бойынша, қатысушылар ұсынған идеялар негізінде бірқатар практикалық шешімдер қабылдануы жоспарланып отыр.



«Отандастар қоры» КЕАҚ Баспасөз қызметі

ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСЫ: «ОТАНДАСТАР ҚОРЫ» МЕН ӨЗБЕКСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ КЕЗДЕСТІ



Ташкент қаласындағы жұмыс сапары аясында «Отандастар қоры» КеАҚ өкілдері Өзбекстан Жазушылар одағына арнайы барып, әдеби және мәдени ынтымақтастыққа арналған маңызды кездесу өткізді. Делегация мүшелері Жазушылар одағының халықаралық байланыстар және көркем аударма бөлімі бас маманы, жазушы әрі аудармашы Рисолат Хайдарова, сондай-ақ Қазақ әдебиеті кеңесінің төрағасы, аудармашы Тұрсынәлі Ахметовпен сұхбаттасты.

Кездесу барысында Рисолат Хайдарова екі ел Жазушылар одақтарының арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында соңғы жылдары жүзеге асқан ауқымды жобаларға тоқталды. Атап айтқанда:

- 2022 жылы Ташкентте жарық көрген «Түркі әдебиеті інжу-маржандары» атты 100 томдық әдеби антологияның 72-81-томдары қазақ әдебиетіне арналды. Бұл жобада Қазақстан Жазушылар одағы қажетті шығармалар мен материалдарды ұсыну арқылы елеулі қолдау көрсеткен.

- 2023 жылы Алматы қаласында шығатын «Таң-Шолпан» әдеби журналында өзбек жазушыларының шығармалары қазақ тіліне аударылып, жүйелі түрде жарияланып отырды. Бұл – әдеби аударма арқылы мәдени жақындасуға бағытталған нақты қадам.

Өзбекстан Жазушылар одағының құрамында Қазақ әдебиеті кеңесі тұрақты жұмыс атқаруда. Бұл кеңес – Одақ құрамындағы Тәжік және Орыс әдебиеті кеңестерімен қатарлас жұмыс істейтін шығармашылық құрылым. Кеңес Өзбекстанда тұратын қазақ қаламгерлерінің әдеби дамуына қолдау көрсетіп келеді.

Кеңес төрағасы Тұрсынәлі Ахметов өз сөзінде кеңестің тарихи тамырына тоқталып, оның бастауы 1935 жылы жарық көрген «Социалды шашу» атты әдеби жинақтан бастау алатынын айтты. Қазіргі таңда кеңес құрамында 13 мүшесі бар және олардың барлығы Өзбекстан Жазушылар одағының толыққанды мүшелері.

Сондай-ақ 2024 жылы «Отандастар қоры» КЕАҚ пен Қазақстан Жазушылар одағының қолдауымен ұйымдастырылған «Ұлы дала» халықаралық әдеби байқауы аясында өзбекстандық қазақ қаламгерлерінің шығармалары Қазақстанда жарық көрді. Атап айтқанда:

- Лала Жұманованың «Қарасу жырлары»,
- Жарасқан Мырзамұратовтың «Ақиқаттың дәмі ащы» атты поэзиялық жинақтары оқырман қолына тиді. Байқауға биыл да өзбекстандық қазақ қаламгерлері белсенді қатысып, шығармашылық серпін көрсетіп отыр.

Кездесу соңында тараптар қазақ және өзбек әдебиеттерінің тарихи сабақтастығы мен мәдени үндестігіне ерекше мән берді. Әдебиет – халықтардың рухани көпірі екенін алға тартқан делегация өкілдері болашақта аударма, баспа және әдеби жобалар бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруға мүдделі екенін білдірді.





Сонымен қатар делегация мүшелері Өзбекстан Жазушылар одағы жанындағы әдеби музеймен танысып, ұйым тарихы, көрнекті мүшелерінің еңбегі, әдеби мұрасы туралы құнды ақпарат алды. Бұл – әдебиет арқылы екі ел арасындағы рухани байланысты тереңдетудің нақты көрінісі болды.

«Отандастар қоры» КеАҚ Баспасөз қызметі

ТУҒАН ТІЛ

Bilim Innovations Group компьютер бөлімінде теріліп, беттелді

КОРРЕКТОРЫ:

Аида Мұхаметқали

Динара Мейрамбекқызы

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫ:

Диана Тұрсынбек

Теруге жіберілген күні 15.08.2025

Басуға қойылған күні 29.09.2025

Шартты баспа табағы 16

Пішімі 60x90 1/8

Таралымы 100 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

«Bilim Innovations Group» ЖШС
Астана қаласы, Сарайшық көшесі, 36